

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ҚАНСОНАРДА...

Алматыда құсбегіліктен II қалалық чемпионат өтті

9

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №9-10 (6688) 30 қаңтар, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



ӘКІМ

МЕГАПОЛИС ДАМУЫ – ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДА

Мемлекет басшысына жаңа стратегиялық бастамалар таныстырылды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады. Қабылдау кезінде Мемлекет басшысына қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы, сондай-ақ негізгі қала құрылысы мен инфрақұрылым жобаларының жүзеге асырылу барысы баяндалды.

Дархан Сатыбалды бытыр қысқа мерзімді экономикалық индикатор 12,8 пайызға көтерілгенін, мемлекет бюджетіне 6,6 триллион теңге салық пен міндетті төлемдер түскенін жеткізді.

Қабылдауда Мемлекет басшысына қаланың бірнеше орталығын дамытуға бағытталған жаңа стратегиялық бастамаларды таныстырды. Аталған тұжырымдама аясында заманауи IT-инфрақұрылым, көпфункционалды іскерлік кешендер, сондай-ақ тұрғындардың демалысы үшін абаттандырылған рекреациялық аймақтар жасақталады.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

БЕСІГІ БЕРЕКЕЛІ ШАҒАР

Демографиялық өсім жағынан Алматы алда келеді

Ел экономикасының жақсарып жатқанын халық санының арта түскенінен де байқауға болады. Алматы қаласы өткен жылы да демографиялық өсім жағынан ел бойынша жоғарғы көрсеткішін сақтап қалды. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы филиалының мәліметінше, шаһарымызда бір жыл ішінде 40 846 нәресте өмірге келсе, 300-ге жуығы егіз сәби, ал үш отбасында үшем дүниеге келген көрінеді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Рая ЕСКЕНДІР

Сонымен, Алматы халқының санын арттырып, егіздер дүниеге көп келген Алатау ауданы көш бастап тұр. Бұл ауданда 62 егіз сәби өмірге келді. Келесі орынға жайғасқан Түркісіб ауданында 45 егіз және 1 үшем, Наурызбай ауданында 42 егіз және 1 үшем өмірге келген. Қаламыздың Медеу ауданында 36 егіз және 1 үшем, Бостандық ауданында 33 егіз, Әуезов ауданында 30 егіз, Алмалы ауданында 27 егіз, ал Жетісу ауданында 23 егіз сәби дүниеге келген.

Жалпы, бүгінгі таңда өмірге келген сәбиді тіркеу жолдары да жеңілдей түскен. Тіпті, үйде отырып та, бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асыруға болады. Қызметті проактивті форматта рәсімдеуге болады. Мәселен, бала дүниеге келгеннен кейін бір тәулік ішінде ананың телефон нөміріне 1414 қысқа нөмірінен қажетті деректерді сұрататын құттықтау SMS-хабарлама жіберіледі. Сонымен қатар, екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары, элект-

ронды үкімет порталы және Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы рәсімдеуге де мүмкіндік бар.

Мемлекет тарапынан берілетін біржолғы жәрдемақы мөлшері: бірінші, екінші және үшінші балаға – 38 айлық есептік көрсеткіш, ал төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК төленеді. Егіздер, үшем немесе төртем дүниеге келген жағдайда, жәрдемақы әр балаға жеке-жеке қарастырылады.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

















www.aqshamnews.kz





КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАМЕН КҮРЕС

Қаржылық мониторинг агенттігіне жаңа міндеттер жүктелді



(Дереккөз: akorda.kz)

2026 жылы 28 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінде жиын өткізді. Іс-шара сала мамандарының кәсіби мерекесі мен агенттіктің құрылғанына бес жыл толуына орай ұйымдастырылды. Онда Президент агенттіктің атқарып жатқан жұмысына оң баға беріп, алда атқарылуы тиіс бірнеше міндет жүктеді.

«Босаңсуға болмайды»

Мемлекет басшысы басқосуда сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, тарихи кезеңде құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі өзіне жүктелген жауапкершілік пен міндетті абыроймен орындап келе жатқанына баса белгілеп өтті. Айта кету керек, аталған агенттік осыдан бес жыл бұрын, ел ішінде ауқымды өзгерістер қолға алынып жатқан тұста Президенттің бастамасымен ауқымды өкілеттіктерді ала отырып құрылған болатын. Бұл жөніндегі сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– Жалпы, осындай қысқа мерзім ішінде көп жұмыс істелді, біраз тәжірибе жинақталды. Бүгінде Қаржылық мониторинг агенттігі еліміздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқаратын дербес құрылымға айналды. Мұны табанды еңбек пен адал қызметтің нәтижесі деуге болады. Агенттік қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін, – деп атап өтті.

«Алдымызда биік мақсаттар мен ауқымды жұмыс бар» екенін айтқан Президент қызметкерлерге босаңсуға болмайтынын айтты:

«Әсіресе, қазір өте қарқынды дамып жатқан цифрлық технология мен жасанды интеллект дәуірінде жұмысқа түбегейлі жаңа көзқараспен қарау міндеті тұр. Бұл мәселе туралы «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда және Ұлттық құрылтай отырысында анық айттым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін деп санайды.

– Цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллект жүйесін Агенттік қызметіне жаппай енгізу – кезек күттірмейтін аса маңызды міндет. Онсыз тиімді жұмыс болмайтыны анық. Қазір күштік құрылымдар мен қылмыс әлемінің арасындағы күрес технологиялық тұрғыдан мүлде басқа сипатқа ие болды. Қарақшылар, яғни қылмыскерлер жасанды интеллектіні белсенді пайдаланатын болды.

Оны сіздер жақсы білесіздер. Құқық қорғау мекемелері, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыдан артта қалып қойса, бұл жағдай ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіруі мүмкін. Заман талабына сай озық болу үшін, ең алдымен, дұрыс шешім қабылдап, тиімді әрекет етуіміз керек. Құқық қорғау органдары тиянақты, белсенді жұмыс істеп, озық цифрлық шешімдер арқылы елдегі өзгерістердің жедел және сапалы іске асуына септігін тигізуі мүмкін. Бұл ауқымды экономикалық жаңғыру жолына бет бұрған Қазақстан үшін өте маңызды қадам болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Агенттік дербес құрылымға айналды

Бес жыл бұрын, 2021 жылы 28 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі құрылды. Агенттік өз қызметін жүзеге асыру барысында тікелей Президентке есеп беріп бағынады. Бұған дейін агенттіктің қызметін Қаржы министрлігі құрамындағы Қаржы мониторингі комитеті атқарған. Комитет 2008 жылдан бері жұмыс істеген. 2021 жылға дейінгі аралықта комитеттің қызметі мен міндеттері өзгеріп отырған. 2014 жылы экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі қызметтері қосылған. Ал 2018 жылы комитетке экономикалық тергеп-тексеру қызметі қоса берілген.

Бес жыл ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі экономикалық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінде маңызды дербес құрылымға айналды. Бұл туралы Мемлекет басшысы агенттікте өткен жиында ерекше атап өтті.

Агенттіктің атқарған жұмысы да аз емес. Бұл туралы мемлекеттік органның төрағасы Жанат Елиманов 2026 жылы 12 қаңтарда Президенттің қабылдауында болған кезде баяндаған. Оның берген есебіне сүйенсек, агенттік 2025 жылы мынадай нәтижелерге қол жеткізген:

- 1135 қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, жәбірленушілерге 141,5 млрд. теңге өтелген;
- 128 млрд. теңгеден астам қаражатты қолма-қол ақшаға айырбастаумен шұғылданған 15 қылмыстық топ пен 29 алаңның көзі жойылды;
- Есірткі сатудан және алаяқтық жолмен тапқан ақшаны жылыстатқан 22 астыртын криптоалмасу қызметіне тосқауыл қойылды. Сондай-ақ, есірткі табысын заңдастыруға қатысы бар 1,1 мыңнан астам заңсыз онлайн криптовалюта айырбастау қызметі мен 20 мың дроп карта бұғатталды;
- Қаржы секторында заңсыз кірісті жылыстатумен айналысты деген күдікке іліккен 2 мың компаниямен және 56 мың адаммен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылған;
- 53 инфрақұрылымдық жоба бойынша 264,2 млрд. теңге бюджет қаржысын негізсіз шығындауға, тауар биржасы басшылығының 2 миллиард теңге заңсыз сыйақы алу схемасына тосқауыл қойылған.

Бұдан бөлек, агенттік төрағасы халықты онлайн-казинолардан сақтандыру шаралары жөнінде және МӘМС жүйесіндегі заңсыздықтарды анықтау бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Маңызды бағыттар

Мемлекет басшысы агенттіктің жұмысын оң бағалады. Бірақ босаңсуға болмайтынын

мәлімдеді. Себебі, қаржылық салада тәуекелдер әлі де бар. Осыған орай мынадай бастамалар көтеріп, тиісті тапсырмалар берді.

Ең алдымен, Қаржылық мониторинг агенттігі технологиялық тұрғыда артта қалмауы тиіс. Оның сөзінше қылмыскерлер ЖИ мен технологиялық мүмкіндіктерді пайдалануда. Осыған орай, Президент ЖИ мүмкіндігін пайдаланып талдау-сараптау жұмысын күшейтуді тапсырды. Өйткені, қаржы-цифрлық алаяқтықтың кесірінен мемлекет пен азаматтарға келтірілген шығын көп. Ал цифрлы технологиялар негізіндегі талдау-сараптау жұмыстары мәселенің себебімен емес, салдарымен күресуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдымен әлеуметтік салада қалыптасқан қаржылық жағдайды ретке келтіру керек. Әсіресе, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына назар аударуды тапсырды.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы Агенттіктің кәсіпкерлермен жұмыс тәсілін қайта қарауға шақырды. Мысалы, Президент мынадай статистикалық мәліметті келтірді. Былтыр Агенттік тергеу жүргізген қылмыстық істердің 40%-ы негізсіз деп тоқтатылған. Сондықтан кәсіпкер қаржы заңнамасын бұзған жағдайда оның қызметін бірден тоқтатып тастауға болмайтынын айтты. Дегенмен, Президент салықтан саналы түрде жалтаратын көлеңкелі экономика субьектілерінің әрекетіне көз жұма қарамауға шақырды.

Төртіншіден, Агенттік қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін ойластыру қажет екені айтылды. Президент жаңа тәсіл ретінде өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, адамдарды түрлі алаяқтық схемаларға тартатын пирамида қатысушыларына құқықтық жауапкершілік енгізу мәселесін қарастыруды ұсынды. Қазіргі заңнамада алаяқтық схемаларды ұйымдастырушылардың ғана құқықтық жауапкершілігі жоғары.

Бесіншіден, Президент есірткі бизнесімен күресті күшейтуді талап етті. Оның сөзінше, қазір есірткі саудасынан түскен табысты тексеру жұмысының тиімділігі төмен. Осыған орай, қылмыскерлердің заңсыз жолмен тапқан жеке мүлкімен қатар, басқа адамдардың атына рәсімдеген мүлкі де мемлекетке қайтарылуға тиіс.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Депутаттар медиахолдинг жұмысымен танысты

«Alatau Aqparat» медиахолдингінде Алматы қаласы мәслихатының Мәдениет, спорт, ішкі саясат, дін және жастар мәселелері жөніндегі комиссия мүшелері арнайы жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында комиссия төрағасы Бейбіт Құсайынов, төраға орынбасары Серік Есмаев, сондай-ақ комиссия мүшелері Еркін Рақышев пен Дулат Рамазанов медиахолдингтің редакциялық және өндірістік қызметімен жан-жақты танысты.



Досбол
АТАЖАН

жұмыс ырғағы, әлеуметтік желілермен ықпалдасуы және аудиториямен кері байланыс орнату тәсілдері ерекше назарға ілікті. Депутаттар контент әзірлеп отырған жас мамандармен пікірлесіп, қазіргі оқырман сұранысына сай ақпарат ұсынуудың маңызы жөнінде ой бөлісті.

Кездесу барысында медиахолдинг басшысы Ержан Қалымбайұлы ресурстарды заман талабына бейімдеу бағытында жүргізіліп жатқан трансформациялар туралы айтып, цифрлық форматқа көшу, мультимедиялық жобаларды дамыту және сапалы контент қалыптастыру жолындағы жұмыстарды таныстырды. Бұл өзгерістердің



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

басты мақсаты – қалалық ақпарат кеңістігінде сенімді әрі салмақты медиаплатформа қалыптастыру екені атап өтілді.

Сапар аясында қонақтар медиахолдинг музейін аралап, «Вечерний Алматы» газетінің 90 жылдық тарихымен («Almaty aqshamy» газетінің шыққанына 40 жылға жуықтады), редакцияның қалыптасқан дәстүрлі мектебімен танысты. Сондай-ақ, заманауи подкаст студиясы көрсетіліп, қазіргі медиатрендтерге

сай жаңа форматтардың қоғаммен байланыс орнатудағы мүмкіндігі сөз болды.

Жұмыс сапары барысында комиссия мүшелері медианың қала өміріндегі орны, қоғамдық пікір қалыптастырудағы жауапкершілігі және жастар аудиториясымен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары жөнінде өз көзқарастарын ортаға салды. Сондай-ақ, медиахолдингтің қызметіне оң баға беріп, ұжымға шығармашылық табыс тіледі.



ӘКІМ

МЕГАПОЛИС ДАМУЫ – ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДА

Мемлекет басшысына
жаңа стратегиялық
бастамалар
таныстырылды

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Қаланың заманауи көлік жүйесін қалыптастыру жөнінде мәлімет берген Дархан Сатыбалды жүрдек қоғамдық көлік жүйелерін дамыту тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасап, қаланы орнықты дамытудың негізгі факторы болатынын айтты.

Алматының Бас жоспарында ауаның еркін айналымын қамтамасыз етуді, шаһардың жоғары және орталық бөліктеріндегі шамадан тыс тығыз құрылысты тежеуді, сондай-ақ жасыл желектің аумағын үш есеге – 3800 гектарға дейін ұлғайтуды көздейтін шешімдер қарастырылған.

2025 жылы қала көшелері сапалы жарықтандырылып, қуаты екі есе артқаны жөнінде баяндады. Бұдан бөлек, қаланы абаттандыру, көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктерді безендірудің бірыңғай стандартына сәйкес саябақтар мен көшелерді жаңғырту шаралары жоспарланған. Қала басшысы Алматы тау кластері жобасын дайындау жайында есеп берді.

Қазіргі кезде «Медеу» базалық станциясы арқылы «Шымбұлақ» және «Ой-Қарағай» курорттарын біріктіруді көздейтін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу жұмыстары аяқталып қалды. Аталған жобаны нәтижесінде аспалы жолдардың саны 16-дан 62-ге дейін көбейеді, тау шаңғысы трассалары 250 шақырымнан аса ұзарады, ал демалыс аймақтары тәулігіне 40 мың адамға дейін қабылдай алатын деңгейге жетеді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласының экономикасын одан әрі әртараптандыру, экологиялық жағдайын жақсарту, қаланың орнықты көлік және туристік инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ қала ортасының сапасы мен тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

КЕЗДЕСУ

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС, НАҚТЫ МЕЖЕ

Алмалы ауданының өзекті мәселелері талқыланды

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы Алмалы ауданының өзекті мәселелері талқыланды. Кездесуде қала басшысының орынбасары халықпен тікелей жұмыс істейтін сала өкілдеріне ақпаратты дұрыс жеткізу, тұрғындарға тиісті қолдау көрсету қажеттігін баса айтып өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жиында білім саласындағы мәселелерге ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, мектеп қабырғасындағы суицидтің алдын алу, жастар арасындағы әлеуметтік мәселелер және оларды шешу жолдары қарастырылды. Абзал Нүкенұлы жастар мәселесінің ауқымы кең екеніне тоқталып, 2026 жылға қарай нақты көрсеткіштерге қол жеткізу керектігін белгіледі.

Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Ербол Оспанұлының айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – қала әкімінің орынбасарының ауданға арнайы келіп, мәселелерді өз деңгейінде талқылап, оларды одан әрі шешудің нақты жолдарын көрсетуі.

– «Бүгінгі жиында ауданның ғылыми, мәдени, спорттық бағыттағы жұмыстары, дін саласындағы жағдай және жалпы саяси ахуал талқыланды. Алдағы уақытта қандай бағытта жұмыс істеу керектігі, өткізілетін іс-шаралардың сапасы мен



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

тиімділігі сөз болды. Сонымен қатар, құрылтай, аудандық мәдени іс-шаралар, халыққа қажетті мәдени ошақтар салу, балабақша мен мектептер салу мәселелері қаралды. Нақты тапсырмалар берілді, енді сол жұмыстарды жүзеге асырамыз», – деді Ербол Оспанұлы.

Алмалы ауданы білім бөлімінің міндетін атқарушы Мираш Доскеева білім беру саласындағы ахуалға тоқталды.

– «Қазіргі таңда ауданда 30 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді. №124 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған, №58 мектепте жөндеу жұмыстары

жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, №16 мектепте қосымша 300 орынды ғимараттар салынуда. Ал №134, №135 және №128 мектептерге жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалып жатыр. Сондай-ақ, ауданда 27 мемлекеттік балабақша бар. Қазіргі уақытта 10 балабақшада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, олар 2026 жылдың тамыз айында аяқталады. Алдағы жоспарға 43 және 139 балабақшалардың құрылысы енгізілген».

Жиында білім саласымен қатар мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дін салаларындағы өзекті мәселелер де қозғалды.

КЕШЕН



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

«АЛМАТЫ АРЕНА»

Табыс табуы тиіс нысан неге тұралап қалды?

Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы «Алматы арена» спорт кешенін аралады. Спорт басқармасының мәліметінше, сапар аясында нысанды басқару жүйесіне түбегейлі баға берілді. Қазіргі басқару тәсілі ұтымсыз әрі тиімсіз екені, бұл жағдай аренаның қаржылық көрсеткіштеріне және даму әлеуетіне кері әсерін тигізіп отырғаны атап өтілді.

Досбол
АТАЖАН

2025 жылы «Алматы арена» бойынша жоспарланған өзіндік кірістер көлемі 170 млн. теңгеге орындалмаған. Бұл табыс көздерін әртараптандыру, жаңа өсу бағыттарын іздеу жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілгенін, сондай-ақ қазіргі жалға алушылардың мүддесін сақтай отырып қосымша табыс қалыптастыру тетіктері толық іске асырылмағанын білдіреді.

Сондай-ақ, басқарма тарапынан

«СКД» ЖШС қаражаты есебінен салынған синтетикалық мұз жабынына қатысты сын айтылды. Аталған инфрақұрылым іс жүзінде пайдаланылмаған және күтілген әлеуметтік әрі экономикалық нәтиже бермей отыр.

– Қалыптасқан жағдайды түзету мақсатында нақты тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, көктемгі кезеңде қолданыстағы синтетикалық жабын негізінде эстетикалық талаптарға сай ролик тебуге арналған алаң ұйымдастыру жүктелді. Бұл шешім аренаның қосымша әрі тұрақты табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, басқарушы компания нысанды дамытуға арналған экономикалық тұрғыдан негізделген модельді салалық органға ысырмай, өзі іске асыру тиіс екені ерекше атап өтілді, – деп хабарлады басқармадан.

Еске салайық, «Алматы арена» кешені – 2017 жылғы Қысқы Универсиада қарсаңында, Алматы қаласының 1000 жылдығына орай 2016 жылы ашылды. 12 мыңға жуық көрерменді сыйдыра алатын нысан осы жылдардың ішінде тоқтаусыз спорттық және мәдени іс-шаралар, өнер адамдарының жеке концерттері өтетін Қазақстандағы ең ірі орталықтардың біріне айналды. Мысалы, өткен жылы мұнда теннистен халықаралық АТР 250 турнирі өтті.

2024 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 5 өңірде тиімсіз басқарылған спорт объектілері, оның ішінде оңтүстік астанамыздан «Алматы арена» мен «Халық арена» мемлекет меншігіне қайтарылғанын хабарлады. Олар бұрын мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында өтеусіз негізде жеке ұйымның басқаруында болған. Қазір қалалық спорт басқармасына қарасты нысандар «Алматы қаласының спорттық ғимараттары дирекциясы» ЖШС-не сенімгерлік басқаруында.



2024 жылғы Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде тіркелген жеке кәсіпкерлер саны

1 512,9
МЫҢ

1.2%
2023 ж.

Олардың
жұмыс істеп
тұрғандары

1 426,3
МЫҢ

94%

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЕҢ КӨП САНЫ:

Алматы 263,1 мың

Астана 177,6 мың

Түркістан облысы 122,2 мың

ЕҢ АЗ САНЫ:

Ұлытау облысы 13,7 мың

ТІРКЕЛГЕН ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БАСЫМ БӨЛІГІ:

көтерме және
бөлшек сауда саласында

660 мың бірл.

басқа да қызметтерде

293,5 мың бірл.

қаржы және
сақтандыру қызметінде

515 мың бірл.

35 жасқа дейінгі
дара кәсіпкерлер

735,1 мың бірл. 49%

56% әйелдер

Дара кәсіпкерлердің
жалпы санының

36%

қала жастары

Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСҰЛЫ.

СТАРТАПТАР ОРТАЛЫҒЫ

Бизнесте білімге сұраныс жоғары

Алматы – жас кәсіпкерлер үшін мүмкіндік пен бәсеке қатар жүретін қала. Кейінгі жылдары мегаполисте кәсіпкерлікке бет бұрған жастардың саны артты. Біреуі IT-стартап ашып, қалалық деңгейде танылса, енді бірі ұлттық өнімді нарыққа шығарып, шағын өндірісін кеңейтуді көздейді. Алайда, жастардың арасында оқуын тастап, бизнеске кіріскендер де баршылық. Бақ пен баптың арасында арналысқан буынның кейбірі табысқа жетсе, енді біреуі бірнеше айдан соң жобасын жауып жатады. Аңғарғанымыздай, кәсіпкерлік – батыл қадам ғана емес, тәжірибе мен шыдамдылық шыңдалатын алаң.



Дана
САДЫРҚАН

Ұлттық өнім –
жаңа форматта

«Қазақ аруы – 2025» Дәрия Қуатжан – бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырған танымал дизайнер. – Көзімді ашып, ес білгелі үйде төрт түлік мал бар. Ата-анам мал шаруашылығымен айналысатын. Сендер оқыңдар, білім алыңдар, дамыңдар деп түрлі үйірмеге, қосымша сабақтарға, әнге, биге, домбыраға қатыстырды. Киім тігу, дизайнер болу – бала күнімнен бергі арманым. Анам ауырған жыл мені 10 жылға есейтті. Емге ешқандай қаражатымыз болмады. Жеке кәсібім бастылып, өрге домалаған соң бәрі орнына келді. Жастар ұлттық стильге қызығады. Бастысы – оны заманға сай ұсыну, – дейді жас кәсіпкер ару. Айтуынша, жеке сән үйін ашпас бұрын инвестор мен өзге бірнеше адам сатқындық жасаған. Дегенмен, қайсар қызды ештеңе тоқтатпады.

Шағыннан – үлкенге

«Алдымен шағыннан бастадым», – дейді 23 жастағы алматылық Айбек Өрісбай. Айтуынша, студент кезінде жатақханада тұрып-ақ онлайн дүкендер арқылы киім сатуды бастаған. Алғашқы тапсырыстарды өзі жеткізіп, түнге дейін жұмыс істеген. Бір жылдан соң тұрақты клиенттері қалыптасып, шағын цех ашуға мүмкіндік туыпты. – Басында табыс аз болды. Бірақ нарықты зерттеп, сападан ұтылмауға

тырыстым. Қазір ай сайын тұрақты айналым бар. Ең қиын кезең – алғашқы алты ай. Бұл уақыт аралығында кедергілерге шыдамаған жастардың көбі кәсіпкерлікті тастап кетеді», – дейді ол.

IT мен білім
саласындағы бастама

27 жастағы Нұрсұлтан Төлеубек – бағдарламалау курстарын ұсынатын онлайн платформа негізін қалаушылардың бірі. Жоба пандемия кезінде пайда болған.

– Алматыда білімге сұраныс жоғары. Біз бастапқыда тегін вебинар өткіздік, кейін ақылы курсқа көштік. Қазір платформада жүздеген тыңдаушы бар, ал команда тұрақты түрде кеңейіп келеді, – дейді ол.

Әлеуметтік жауапкершілікке бетбұрыс. Жас кәсіпкер Әсел Молдабек мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа тартатын шағын кондитерлік цех ашқан.

– Бизнес табыс әкелуі керек, бірақ қоғамға да пайдасы тисе деймін. Бұл жоба қала тұрғындарының қолдауына ие болып, әлеуметтік желі арқылы кеңінен таралды, – дейді ол.

Кейіпкердің бәрі бір мәселені атап өтті: бастапқы капиталдың тапшылығы мен тәжірибенің жетіспеуі. Әрі Алматыдағы жалдау ақысының жоғары болуы да жас кәсіпкерлер үшін үлкен сынақ.

Салдарлы сабақ

Алматыда кәсіпкерлікке ерте бет бұрып, оқуын аяқтамай-ақ бизнеске кіріскен жастар аз емес. Кейбірі университетті уақытша тоқтатса, енді бірі мүлде

тастап кеткен. Мұның артында әртүрлі себеп болуы мүмкін: біреу табыс табуға мәжбүр, енді бірі нарықтағы мүмкіндікті жіберіп алмауды көздейді.

1) Білімнің «сұраныссыз» қалуы. Кәсіпкерлік жолда табыс табудың алғашқы кезеңінде білімнің маңызы төмендейді деп ойлау қалыпты. Бірақ нарықта бірнеше жыл өткеннен кейін, бәсеке күшейгенде, кәсіби білім мен жүйелі ойлау әлдеқайда қажет болады. Оқуын тастаған жастар кейін «бұрын оқуым керек еді» деп бармақ тістеуі мүмкін. Өйткені, бизнес құлаған жағдайда, қайтадан білімге оралу қиын.

2) Тәжірибесі жоқ кәсіптің құлауы. Бизнес – шығын мен табыстың үздіксіз есеп-қисабы. Ал жас кәсіпкерлер көбіне маркетингке, сату жүйесіне көп мән беріп, қаржы басқаруды екінші кезекке қояды. Салдарынан алғашқы табысқа жетіп, кейін бір-екі айда бизнес тоқтап қалуы мүмкін. Бұл оқуын тастаған жастар үшін ең ауыр соққы, артқа шегінер жол жоқ.

3) Қоғамдық қысым және психологиялық күйзеліс. Отбасында, ортада «оқуыңды тастадың, енді не істейсің?» деген қысым болады. Әсіресе, алғашқы айларда табыс тұрақсыз болғанда, психологиялық күйзеліс күшейеді.

4) Даму мүмкіндігінің шектелуі. Кәсіпкерлік – үздіксіз даму. Бірақ білімсіздік, кәсіби құзыреттің жетіспеушілігі жастардың өсуін тежейді. Алматыдағы бәсекелі нарықта бұл – ең қауіпті фактор. Болашақта компанияны кеңейту, инвестор тарту, экспортқа шығу сияқты жоспарлар үшін әуелі білім мен дағды керек.

Алматының кәсіпкер жастары – әртүрлі салада еңбек етіп жүрген, бірақ ортақ мақсатқа ұмтылған буын. Олардың шағын бастамасы қала экономикасына серпін беріп отыр. Жастарға сенім мен жүйелі қолдау көрсетілген жағдайда, бүгінгі идеялар ертеңгі тұрақты бизнеске айналары анық. Бірақ оқуын тастап кәсіпкерлікке кеткен жастардың саны артуы да ойландырмай қоймайды. Білімсіздік пен тәжірибенің жетіспеуі басталған жобаны тоқтатуға мәжбүр етеді. Сондықтан кәсіпкерлік пен білімнің қатар жүруі – ең қауіпсіз әрі тиімді жол.

Мемлекеттік қолдау

- «Бизнестің жол картасы – 2025». Бағдарламаның мақсаты – өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру.
- «Almaty Business – 2025» – қалалық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы. Бұл арнайы Алматы қаласының бағдарламасы – шағын және орта бизнеске қаржылық қолдау, несиелер, кепілдік беру және субсидиялау құралдарын қамтиды. Қаржыландыру мөлшерлемелері жылдық 2% және 6% дейін төмендетілген – жаңа бастаған немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несие мүмкіндіктері қарастырылған. Атап айтқанда, аймақтық бюджет пен республикалық бюджет есептен қаржыландыру және жылдық 2–6% жеңілдетілген несиелер (стартаптар мен жаңа жобаларға да беріледі).
- Жеңілдетілген несиелер және қаржылай қолдау. Алматыда шағын және орта бизнеске 500 млн. теңгеге дейін займ алу мүмкіндігі бар, жылдық 2–6% мөлшерлеменен 7 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Бұл қаржылай қолдау айналым қаражатын толықтыру, жабдық сатып алу, шикізатқа ақша бөлу секілді бизнес қажеттеріне бағытталады. Ал кейбір әлеуметтік топтар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылғандар және т.б.) үшін ставка одан да төмен ұсынылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айбар ОЛЖАЙ, экономист:

МЕГАПОЛИСТЕН БАСТАЛҒАН
БИЗНЕС ӨНІРГЕ ТАРАЙДЫ

Алматы – кәсіпкерліктің қаласы. Мегаполис экономикасының 28–30%-ы – шағын және орта кәсіпкерлік, оның едәуір бөлігі жастардың үлесінде. Сонымен қатар, Алматы – стартаптардың орталығы. Мұнда жаңа бастамалар мен идеяларға арналған венчурлық инвестиция жүйесі жақсы жолға қойылған. Жас кәсіпкерлер қала экономикасына кемінде 10% үлес қосып отыр. Ішкі өңірлік өнімдегі олардың нақты экономикалық әсері кемінде 80–120 млрд. теңге болады. Көп жағдайда жастар өз кәсібін бастағаннан кейін ғана мемлекеттік және қаржылық қолдау тетіктерін іздейді.

2026 жылдан бастап жалпы кәсіпкерлікті қолдауға сегіз түрлі қаржыландыру көзі бөлінбек. Осыған байланысты венчурлық бағытты күшейту аса маңызды. Нарықта табысты болу үшін бәсекелестік артықшылық пен бірегей сауда ұсынысын қалыптастыру қажет. Жас кәсіпкерліктің негізгі ортасы Алматыдан басталып, біртіндеп еліміздің басқа өңірлеріне таралуда.



САТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қалада өндіріс орындарының орналасуы, инфрақұрылымының дамуы – тұрғындардың күнделікті өмір сапасын айқындайтын негізгі факторлар. Осы мәселе төңірегінде AlmaU Урбанистика институтының директоры Зарина ДАУЛЕТКАН-МЕН сұхбаттасып, институттың қызметі, Алматының дамуына қажетті урбанистік шешімдер туралы пікірін сұрап көрдік.

Практикалық және пәнаралық тәсіл

– Урбанистика институтының қызметі туралы айтып өтсеңіз...

– AlmaU Урбанистика институты 2020 жылы құрылды. Бізде білім беру үдерісі тек теориямен шектелмейді, сабақтарға мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік құрылымдарда және бизнес саласында жұмыс істейтін тәжірибелі мамандар қатысады. 2025 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингі бойынша Мемлекеттік және жергілікті басқару бағыты 40 білім беру бағдарламасының ішінде 4-орынға тұрақтады. Ал түлектеріміздің 85 пайызы жұмысқа орналасты. Бұл біздің білім беру моделінің сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Институттың басты мақсаты – білім, қала практикасы және әртүрлі салалар арасындағы байланысты нығайту. Біз мемлекет, бизнес және академиялық орта арасында тұрақты диалог қалыптастырып, қаланы басқару мен жоспарлауға жаңа көзқарас ұсынуға тырысамыз. Ол үшін урбанистика және сити-менеджмент, Digital Urbanism, қалалық жоспарлау бағыттарында заманауи бағдарламалар әзірледік.

Біз урбанистиканы қолданбалы мамандық деп қараймыз. Сондықтан қаладағы мәселелерді түсінетін, тәжірибеде іске асатын шешім ұсына алатын мамандарды даярлаймыз.

Институт жұмысының ерекшелігі, практикалық және пәнаралық тәсіл. Тактикалық урбанизм, әмбебап дизайн, тұрғындарды қала дамуына тарту бағытында нақты жобалар жасап, оларды пилоттық форматта сынақтан өткіземіз және әсерін талдаймыз. Былтыр институт Алматы қаласын халықаралық деңгейде таныстырды. Біздің жобаларымыз Tomorrow City Shanghai’25 алаңында жоғары бағаланды, сондай-ақ команда мүшелері Placemaking Week Europe шарасына сарапшы ретінде қатысты.

Жұмыс орны жақын болуы қажет

– Алматы экономикасының нақты секторында қай өндіріс салалары негізгі драйверге айналып отыр?

– AlmaU Урбанистика орталығы Алматыдағы нақты сектордың дамуын экономика тұрғысынан емес, қала кеңістігі мен тұрғындардың өмір сапасына әсері жағынан қарастырады. Біз қаланың қалай құрылғанына, көлік пен экологияға түсетін салмаққа, жердің қалай пайдаланылатынына және әртүрлі қызмет түрлерінің адамдардың күнделікті қозғалысына қалай әсер ететініне назар аударамыз.

Алматы – халқы тығыз орналасқан, экологиялық мәселелері мен көлік кептелісі бар алып қала. Осы жағдайлар қалада кез келген өндіріс түрін дамытуға мүмкіндік бере бермейді. Қаланың тұрақты дамуы үшін өндірістер ықшам, экологияға зияны аз және қаланың жалпы құры-

лымына үйлесуі қажет. Жұмыс орындары тұрғын үйлерге және қоғамдық көлікке жақын болғаны дұрыс. Бұл адамдардың күн сайын алысқа сабылуын азайтып, жолдағы жүктемені де төмендетеді. Сондықтан Алматыда нақты секторды дамыту тек экономикалық мәселе емес, ол қаланың әлеуметтік дамуының бір бөлігі болуы тиіс. Осындай кешенді көзқарас қана кептеліс мәселесін азайтып, экологиялық жағдайды жақсартуға және қалада өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы үшін ең тиімді үлгі

– Өндірістің қала ішінде немесе шет аймақтарда орналасуы Алматының дамуына қалай әсер етеді?

– Қаланың ішінде немесе сыртында өндіріс орындарының орналасуы Алматының көлік жүктемесіне және экологиялық ахуалына тікелей әсер етеді. Қалада жұмыс бар, бірақ тыныс тар. Егер өндіріс қала аумағында талапқа сай емес орналасса, экологиялық мәселелерді одан әрі күшейтеді, жол сапасына да әсер етеді. Ал жұмыс орындарын қала шетіне көшірсе, кептеліс азаяды деген сөз емес, керісінше ушықтырады.

Урбанистік тұрғыдан Алматы үшін ең тиімді үлгі – көп орталықты даму моделі. Яғни экологиялық таза өндіріс түрлері тұрғын үйлер мен қоғамдық көлікке жақын аймақтарға енгізіліп, ресурсты көп қажет ететін, логистикалық ауыр функциялар арнайы дайындалған аймақтарға шоғырландырылуы тиіс. Бұл тәсіл көлік жүктемесін азайтып, экологиялық тәуекелдерді төмендетеді және қаланы тек еңбек орны емес, өмір сүруге ыңғайлы орта ретінде дамытуды қамтамасыз етеді.

– Сингапурда көлік кептелісімен күреске ерекше қатал қарайды. Басты мақсат – көлік санын барынша азайту. Бұл елде автокөлік сатып алғысы келген адам оны Еуропа бағасынан 2,5 есе қымбат бағада сатып алады. Лондон тәжірибесі де урбанистикада жиі мысалға алынады. Алматыда әлемдік тәжірибені жасауға болмас па еді?

– Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жеке көлікті шектеу тиімді болуы үшін қала сапалы және ыңғайлы балама жолдарды ұсынуы қажет. Шектеу өздігінен нәтиже бермейді. Ол қоғамдық көліктің, жаяу және велосипед жолдарының, аудандарды дұрыс жоспарлаудың біртұтас жүйесінің бөлігі болуы керек. Бұл тәсіл автокөлікке тәуелділікті азайтуға, көлік қозғалысын жеңілдетуге және қалада өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



Алматыда осындай тәжірибені жүзеге асыру үшін жүйелі қала көлік желісі қажет.

Қоғамдық көлікті, шағын мобильділікті (велосипед, электросамокат, шағын автобустар) біртұтас жүйеге қосып, тұрғын үй, жұмыс орны және күнделікті қызметтер бір ауданда орналасуы маңызды. Әлемдік тәжірибе бағыт ретінде маңызды болса да, Алматы өз климатын, рельефін, инфрақұрылымын және әлеуметтік әдеттерін ескере отырып, өз стратегиясын жасауы керек. Егер сапалы балама жолдар болмаса, жеке көлікті шектеу тек қысым ретінде қарылданады, ал қалада өмір сапасы жақсармайды.

Әлемдік тәжірибе ескерілуі тиіс

– Қаланың Бас жоспары нақты секторды дамытуға қаншалықты бейімделген?

– Қазіргі Алматының Бас жоспары қаланың нақты дамуын толық көрсете алмайды. Құжат көбіне қала үшін жоспарланған идеалды суретті ғана бейнелейді, ал шындығында құрылыс қарқыны, тұрғындардың қозғалысы, өндіріс аймақтарының өзгеруі мен жұмыс орындары ескерілмеген. Сондықтан Бас жоспар нақты секторды басқарудың тиімді құралы емес, көбіне кейін түзетулер енгізуге мәжбүр ететін құжатқа айналып отыр. Бұл кеңістік пен көлік мәселелерін ушықтырып, қаланың дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Бас жоспары бар-жоғында емес, оны қалай жасап, қалай қолданатынымызда болып тұр. Қазір қолданылып жүрген жоспар ескі үлгіде, сирек жаңартылады және қаланың тез өзгеріп жатқан өміріне ілесе алмайды.

Урбанистердің айтуынша, Алматыға қатаң әрі қатып қалған жоспар емес, икемді мастер-жоспар қажет. Мұндай жоспар қаланың дамуын бірнеше нұсқада қарастырып, халық тығыздығы, көлік қозғалысы, экология сияқты маңызды көрсеткіштерді үнемі бақылап отыруға мүмкіндік береді. Қажет болса, шешімдер кезең-кезеңімен түзетіліп отырады.

Әлемдік тәжірибеде бұл тәсіл жаңа идеяларды алдымен шағын пилоттық аумақтарда сынауды, жер пайдалану ережелерін икемді етуді және мастер-жоспарды бірнеше жыл сайын жаңартып отыруды қамтиды. Осындай әдістер енгізілмейінше, Алматының Бас жоспары қаладағы нақты экономиканы дамытуға да, бүгінгі көлік, экология, инфрақұрылым сияқты түйткілді мәселелерге де толыққанды жауап бере алмайды.

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЕСКІ ӨНДІРІС ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Жетісу ауданында бұрынғы өндірістік қуатын жоғалтқан кәсіпорындардың өнеркәсіптік қорын кезең-кезеңімен қайта құру жұмыстары басталды.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен жұмыс істеп тұрған әрі бұрын белсенді қызмет атқарған өндірістік алаңдардың базасында шағын өнеркәсіп парктерін құру жөніндегі қалалық бастама жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі уақытта ауданда аумағын жаңғыртып, шағын өнеркәсіп паркке айналдыруға дайын екенін білдірген 10-нан астам өнеркәсіптік кәсіпорын айқындалды. Бұл инфрақұрылымның тозуы немесе технологияның ескіруіне байланысты өз бетінше жаңаруға мүмкіндігі жоқ болғанымен, инженерлік желілері тартылған

өндірістік алаңдары сақталған маңызды нысандар.

Шағын өнеркәсіп парктерінің форматы бір мезетте бірнеше шағын және орта бизнес субъектісін орналастыруға арналған заманауи өндірістік кеңістік құруға бағытталған. Мұндай тәсіл бұрын толық пайдаланылмаған цехтар мен қойма ғимараттарын қайтадан шаруашылық айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Алғашқы пилоттық алаңдар ретінде өнеркәсіптік әлеуеті жоғары әрі орналасуы қолайлы нысандар іріктелді. Олардың қатарында бетон және темірбетон бұйымдарын шығаратын «Темірбетон-1»,



жол қозғалысын ұйымдастыруға арналған өнімдер өндіретін «Жол белгілері зауыты», сондай-ақ бұрын Алматы ет комбинаты орналасқан аумақтағы «Нұр-әлем Алматы» бар.

өндірістік алаңдарды құруға бағытталған құрылыс-монтаж жұмыстары басталады.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.



Бүгінде Алматыдағы 88 колледжде 86 мыңнан астам студент білім алып жатса, олардың 58%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында тегін оқиды. Мәселен, 2025 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 17 491 студент қабылданып, алдыңғы жылмен салыстырғанда, жоғары көрсеткішті көрсетті. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Білім басқармасының стратегия және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ерік Әбішаев техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) жүйесін мемлекеттік қолдау мен колледж инфрақұрылымын дамыту барысы туралы баяндады.



Суретті түсірген Самат Құсайынұлы.

«Біз жұмысшы мамандығын «қара жұмыс істейтін адам» деген ескі түсініктен арылтып келеміз. Қазір аспаз да, электрик те, технолог та цифрлық құралдарды меңгеріп, автоматтандыру барысын түсініп, өз бетімен шешім қабылдай алуы керек. Қазіргі колледж өткеннен шеберханасы емес, болашақ маманның ойлау жүйесі қалыптасатын үлкен кеңістік ол», – дейді Ерұлан Қарағұлов.



Цифрландыру, автоматтандыру мен жасанды интеллект бүкіл әлемде еңбек нарығын түбегейлі өзгертіп жатқандықтан, кәсіптік білім беру жүйесі Төртінші өнеркәсіптік революцияның сын-қатерлеріне бейімделуге мәжбүр. Оқу процесіне онлайн-платформалар, виртуалды симуляторлар, VR-тренажерлер мен нақты өндірістік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік беретін цифрлық модульдер енгізіліп жатыр. Ұзақ әрі қатаң бекітілген бағдарламалардың орнына білім беретін икемді траекториялар, микроквалификациялар мен қысқа мерзімді курстар пайда болды. Бұл еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды жылдам меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әмбебап құзыреттерді – сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, командада жұмыс істеу қабілеті мен экологиялық жауапкершілікті дамыту да маңызды бола түсті. Мұның бәрі кәсіби білім берудің жаңа философиясын қалыптастырады, онда колледж түлгеі өмір бойы оқып, өзгерістерге бейімделуге дайын болуы тиіс.

«Бүгінгі міндетіміз – тар шеңбердегі маманды емес, мамандығымен бірге дами алатын тұлғаны даярлау. Технология жылдам өзгереді, сондықтан колледждер студенттерге кәсіпті ғана емес, жаңаны жылдам меңгеріп, инновациямен жұмыс істеп, болашақты көре білу қабілетін үйретуі керек», – деп атап өтті колледж директоры.

«Жас маман» жобасы жаңа мамандықтарды қалыптастырды

Бұл жоба инфрақұрылымды жаңғыртудың маңызды кезеңі болды. Еліміздегі 180 колледж 100 ең сұранысқа ие мамандық бойынша заманауи жабдықпен қамтамасыз етіліп, іс жүзінде өңірлік құзырет орталықтары мен инновациялық зертханаға айналып барады.

«Жас маман» жобасы ТжКБ жүйесі үшін нағыз серпіліс болды. Әлемдік деңгейдегі жабдыққа қол жетіп, студенттерді нақты технологиялар негізінде оқытуға және оларда инженерлік әрі жобалық ойлауды қалыптастыруға мүмкіндік туды.

ТжКБ трансформациясының жарқын мысалы – қонақжайлылық индустриясы. Бүгінде туризм мен мейрамхана бизнесі дағдыны, технологияны, креативті ойлауды ұштастыруды талап етеді. «Жас маман» жобасы аясында Алматы технологиялық колледжі тағам технологиялары бойынша Құзырет орталығына айналып, WorldSkills стандартына сай жабдықтармен индукциялық плиталардан бастап тағамдық 3D-принтерлерге дейін толықтырылды. Студенттер цифрлық симуляторлар, VR-тренажер мен арнаулы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы білім алады.

Сонымен қатар, колледждердің жаңынан оқу-өндірістік алаңдар, шағын кәсіпорындар, оқу кафелері, цехтар мен шеберханалар құрылып жатыр. Мұнда студенттер тапсырыс берушілермен нақты жұмыс істеп, кәсіпкерлік негіздерін меңгереді. Осылайша колледждер біртіндеп қолданбалы инновациялардың инкубаторына айнала бастады. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің трансформациясы бүгінде адами капитал мен болашақ экономикасына салынған стратегиялық инвестиция ретінде қарастырылады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Әлеуметтік қолдау күшейіп келеді

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың бастама-сымен жастар мен мамандығы жоқ азаматтар үшін техникалық және технологиялық мамандықтар бойынша тегін оқытуды қамтитын кәсіптік білім беруді жаңғыртуға бағытталған кешенді жұмыстар іске асырыла бастады.

Колледждердің тартымдылығы айтарлықтай артты. Соңғы жылдары студенттердің шәкіртақысы 2020 жылмен салыстырғанда, 100%-ға өсті. Колледж оқытушыларының жалақысы екі есе ұлғайды, біліктілікті арттыру бағдарламалары мен шетелдік тағылымдамалар дамып, WorldSkills стандарттары енгізіліп жатыр. Аталмыш саланың биылғы бюджеті 53,3 млрд. теңгені құрап отырған көрінеді. Бұл тегін білім алуға қолжетімділікті кеңейтіп, студенттерге әлеуметтік қолдауды күшейте түсуге мүмкіндік берілгенін көрсетеді.



«Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясат әр студенттің үйішіне салмақ салмай, сұранысқа ие болып отырған мамандықты оқып, олардың барынша білім алып, жүріп-тұруына қажетті жағдай жасауға бағытталған. Кадр даярлау экономиканың басым салалары бойынша 131 мамандық пен 220 біліктілікті қамтиды, бұл жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді меңгеруіне жол ашады», – дейді Ерік Әбішаев.

Колледж инфрақұрылымын дамытуға да ерекше көңіл бөлінген. Былтыр мемлекеттік колледждерді жөндеу мен жабдықтауға жергілікті бюджеттен 2,4 млрд. теңге бөлінсе, әлеуметтік әріптестердің есебінен төрт колледждің материалдық-техникалық базасы да 538 млн. теңгеге жаңартылды.

«Біз оқу корпустарын, шеберханалар мен зертханаларды біртіндеп жаңғыртып жатырмыз. Бұл оқыту мен білім беруді еңбек нарығындағы заман талабына сәйкестендіруге сеп болады», – дейді спикер.

Студенттердің жатақханамен қамтылу мәселесін шешу мақсатында 1720 орынға арналған сегіз жаңа жатақхана салу да жоспарланып отыр. Былтыр 120 орынды жатақханасы бар жаңа колледж пайдалануға берілген болатын.

Құзыреттер орталығы жұмыс істейді

Қазір 22 мыңнан астам студент, яғни тегін оқытындардың 43,7%-ы осы дуальды оқыту жүйесі бойынша білім алып жатыр. Қала колледждері өндіріс орындарымен тығыз байланысып білім беруде. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальды оқытуды дамыту барысы мен халықаралық ынтымақтастық аясы да кеңейе түскен.

Дуальды оқыту студенттерге өндіріс орнының өзінде кәсіби дағдыны меңгеріп алып, оларды еңбек нарығына жұмыс істеген, тәжірибесі бар маман болып баруына мүмкіндік береді. Бұл модельді іске асыру мақсатында 71 мамандық бойынша 770 кәсіпорынмен келісімшарт жасалған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша колледж түлектерін жұмысқа орналастыру деңгейі 94,3%-ды құрап отыр. Яғни 17 мыңнан астам түлек тұрақты жұмысқа орналасқан көрінеді. Бұған қоса, шетелдік серіктестермен ынтымақтастық аясында Алматының алты колледжінен 110 студент Қытайда, тағы 16 студент Германияның кәсіпорындарында ақылы өндірістік практикадан өтіп қайтты.

Қала экономикасы жұмысшы мамандарға тәуелді

Брифингте «Сәулет, дизайн және инженерия» колледжінің директоры Камал Жаманғозов жұмысшы кадрларды даярлау мен техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) жүйесін трансформациялау қаланы дамытатын маңызды фактор екенін атап өтті.



«Қазір біз дипломға бола оқытатын модельден бас тартып, қаланың экономикасына керек мамандарды даярлауға көшіп жатырмыз. Колледждерге де түлектердің санынан гөрі, әрқайсысының бірінші күннен бастап жұмысқа дайын болып, орналасқаны маңызды», – дейді Камал Жаманғозов.

Жұмысшы кадр даярлауды жұмыс берушілермен бірлесіп қолға алған. Оқу бағдарламалары нақты өндірістік үдеріске бейімделіп, дуальды оқыту кеңейтіліп, практикалық бөлім жағы да күшейтілді.

«Жұмыс берушілер қазір колледждерге серіктес болып отыр. Олар дағдыға қойылатын талапты қалыптастыруға көмектеседі, студенттерді тәжірибеден

А л м а т ы д а ғы
88 колледжде
86 мыңнан астам студент
білім алады. Олардың 58%-ы
мемлекеттік білім беру
тапсырысы аясында тегін
оқиды.

өткізіп, олардың дайындық деңгейін бағалайды. Яғни оқу барысын өндіріспен үйлестіріп отырмыз», – деп атап өтті колледж директоры.

Аталмыш жүйе терең трансформация кезеңінен өтіп жатыр. Спикердің айтуынша, қазіргі колледж оқу орны ғана емес, кадрлар даярлайтын, ересек мамандарды қайта даярлаумен айналысатын, жаңа технологиялар мен өндірістерді енгізуді сүйемелдейтін құзыреттер орталығы. Мұндай модель колледждерді қаланың экономикалық инфрақұрылымына кіріктіреді.

«Тұрақты нәтижеге мемлекет пен Білім басқармасы тарапынан жүйелі қолдау көрсетілмей қол жеткізу мүмкін емес. Материалдық-техникалық базаны жаңарту, бизнес-пенәріптестікті дамыту мен колледждердің басқаруға икемділігі директорларға басқарушы ретінде сенім білдіріп, үйлесімді шешімдерді қола алуды талап етеді», – деп қосты Камал Жаманғозов.

Еңбек адамын қолдау – басты мақсат

Қазір елде 772 колледж жұмыс істейді, онда 550 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Тегін кәсіби білім беру мен жұмысшы мамандықтарын дамыту Алматы мен жалпы ел көлемінде еңбек адамын қолдап, жастарды жұмыспен қамтудағы негізгі құралдың біріне айналды. Техникалық және кәсіптік білім берудің трансформациясы, оның цифрландыру мен жаһандық өзгерістер жағдайындағы жаңа рөлі туралы брифингке қатысқан Алматы технологиялық колледжінің директоры Ерұлан Қарағұлов айтып өтті.

Оның айтуынша, бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп отыр. Бұрын ТжКБ көбіне қолөнерді, қол еңбегін үйретсе, ХХІ ғасырда бұл шекара іс жүзінде жойылды. Қазіргі заманғы жұмысшы маман орындаушы ғана емес, сонымен қатар білімнің, технология мен инновациялық ойдың да иесі болуы керек.



КӨЗ ІЛМЕЙТІН АЛМАТЫ

Мемлекет басшысының Алматы қаласын «ешқашан көз ілмейтін» мегаполиске айналдыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, қалада тәулік бойы жұмыс істейтін мәдени нысандардың саны кезең-кезеңімен көбейіп келеді.



Нұржамал
ӘЛІШ

24/7 форматында
жұмыс істейміз



Осы бастама аясында ақпаннан бастап шаһардағы тағы 2 кітапхана 24/7 форматында жұмыс істеуге көшеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев мәлімдеді.

Сонымен қатар, қалада кітапхана қызметінің қолжетімділігін арттыру мақсатында сауда орталықтарында, метро станцияларында, мектептерде, коворкингтер мен коммуналдық орталықтарда 32 дербес өзіне-өзі қызмет көрсету кітапханасы орнатылған. Бұл нүктелерді 300-ге жуық тұрақты оқырман пайдаланады, ай сайын 500-ден астам кітап беріледі. Спикердің сөзіне сүйенсек, биыл жыл соңына дейін аз қамтылған аудандарда тағы 3 жаңа кітапхана ашу жоспарланып отыр.

Кітап қорын цифрландыру бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. 2025 жылы сканерлеу техникасының көмегімен 70 пайыз кітап қоры цифрландырылып, 2027 жылдың соңына дейін барлық кітап қорын толық цифрландыру жоспарлануда.

«Райымбек батыр»
ашылады



Биыл Алматы қаласы Музейлер бірлестігіне қарасты «Райымбек батыр» заманауи музейлендірілген мемориалдық кешені ашылады. Кешен тарихи тұлғаның өмірі мен ерлігін заманауи форматта көрсетуге арналған музей-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

лендірілген кеңістік ретінде жобалануда. Негізгі мақсаты – өңір тарихын, қазақ халқының мәдени және рухани мұрасын халыққа қолжетімді, қызықты және білімді форматта ұсыну.

Сонымен қатар, аумағы 130 шаршы метрді құрайтын «Observatorium» музейі ашылады. Бұл нысан ғылымды, астрономияны және заманауи технологияларды насихаттауға бағытталмақ.

Бұл екі жаңа мәдени және ғылыми орын Алматы қаласын тек туристік емес, сонымен қатар білім мен ғылым орталығы ретінде танымал етуге зор мүмкіндік береді. «Observatorium» музейінде жасанды интеллект технологиясын, соның ішінде «Ғалам бойынша VR-саяхат» интерактивті жобасын іске қосу және робот-экскурсоводты енгізу жоспарлануда.

Архивтегі
цифрлық шешім



Алматы қаласының Мемлекеттік архиві де мүлдем жаңа келбетке ие болды. «2023–2025 жылдар аралығында архивтік материалдарды цифрлық форматқа көшіру көрсеткіштерінің өсуі техникалық базаның кезең-кезеңімен жаңартылуы және заманауи кеңсе техникасының сатып алы-

нуымен тікелей байланысты. Атап айтқанда, 2023 жылы архивтік құжаттарды цифрландыру көлемі 2022 жылмен салыстырғанда, 3 пайызға артты», – деп атап өтті басқарма басшысы Данияр Әлиев.

Былтырғы тың жаңалық – архивке планетарлық және автоматтандырылған кітап сканерлері сатып алынды. Бұл құжаттарға зақым келтірмей, ұқыпты әрі қауіпсіз түрде цифрландыруға мүмкіндік берді.

«Таза жүрек» ұсынады



Хайуанаттар
бағының
бағы жанды

«Алматы хайуанаттар бағы – еліміздегі ең көне және беделді зообақтардың бірі. Былтыр келушілер саны 1,2 миллион адамға жетті. Бұл біздің зообақтың елдегі және аймақтағы танымалдығын айқын көрсетеді. Жыл сайын келушілер санының өсуі – біздің жұмыстарымыздың және табиғатты қорғау миссиямыздың көрінісі», – дейді Данияр Әлиев брифинг барысында.

2025 жылы Алматы хайуанаттар бағы Еуропалық зообақтар мен аквариумдар қауымдастығының толыққанды мүшесі ретінде қабылданды. Бұл мәртебе зообақтың халықаралық стандарттарға сай екенін, жануарларды қорғау және ғылыми зерттеулерде жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізетінін растайды.

Алматы хайуанаттар бағы биыл ауқымды реконструкциядан өтеді. Жобаның мақсаты – келушілерге ыңғайлы, заманауи және білім беру тұрғысынан бай тәжірибе ұсыну. Жаңа зообақ енді жылына 2 миллионға дейін адамды қарсы ала алады. Ол тек Алматының ғана емес, бүкіл Орталық Азияның ең ірі және заманауи орталығына айналады деген болжам бар.



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 180

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ

XX ғасырдың Гомері атанған ақын, жырау Жамыл Жабаевқа биыл – 180 жыл. Жыршы бозбала шағының өзінде-ақ өскен ортасын ән мен жырға бөлеп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген.

**Нұржамал
ӘЛІШ**

Осы кезде жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Ақын сол тұстағы Айкүміс, Бақты-

бай, Досмағанбет, Шашубай сынды жүйріктермен айтысқа түскен кезде оның шоқтығы ұдайы биік болып отырған. Тіпті, көршілес Қырғыз елінен шыққан Балық, Найманбай, Қатаған сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алып, ақын-

дық өнерін одан әрі шыңдай түскен. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса, «Көрұғлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық, жыраулық өнерінің шыңына ұмтылған.

Кеше ұлтына шығармашылық мол мұра қалдырған ақынның құрметіне Алматыдағы Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында «Жетісудың дүлдүлі Жамбыл Жабаев» атты жылжымалы көрме мен әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.

– Ақынның туған жеріндегі Жамбыл Жабаев атындағы әдеби мемориалды музейі оның қолының табы қалған бұйымдарын, тұрмыстық заттарын, жансерігі болған домбырасын, баспада әр жылдары жарық көрген шығармаларын ала келіпті. Немересі, аталған музейдің директоры Салтанат Жамбылова атасының өмірінен сыр шертіп, экскурсия жасады. Бұл біз үшін үлкен мәртебе болды, – дейді Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі, ҚР мәдениет саласының үздігі Руза Қаженова.

Әдеби-сазды кеште Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының ұстаздары мен студенттері Жамбыл бабамыздың ел аузында жүрген жырлары мен әндерін шырқады.

ТАҒЫМ

ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлына арналған республикалық конференция өтті

Орталық мемлекеттік архивінде Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Досбол
АТАЖАН**

ҚР Орталық мемлекеттік архивінің директоры Сәбит Шілдебай іс-шара Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылдың 25 желтоқсанындағы Жарлығымен Бауыржан Момышұлына «Халық Қаһарманы» атағын берілуіне орай ұйымдастырылғанын атап өтті. Оның айтуынша, конференция мақсаты – Бауыржан Момышұлының тарихи тұлғасы мен рухани мұрасы арқылы жастарды патриотизм мен отаншылдыққа тәрбиелеудің өзекті мәселелерін талқылау.

Ал ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Бауыржан Момышұлына «Халық Қаһарманы» атағының берілуі – тарихи әділдіктің салтанат құруы екенін айтты. – Бауыржан Момышұлы тек Ұлы Отан соғысының қаһарманы ғана емес, қазақ халқының рухын, ұлттық намысын, әскери арын бүкіл әлемге танытқан бірегей тұлға. Кеңес дәуірінде оның ерлігіне күмән болған жоқ. Әсіресе, 1941 жылы Мәскеуді

қорғау кезіндегі жанқиярлық шайқастарда өзі бастаған батальонмен жау тылына 27 рет арнайы тапсырмаларды орындау үшін еніп, күрделі әскери операцияларды сәтті жүзеге асырды. Сондай-ақ, осы ерлігі 316-атқыштар дивизиясының 8-гвардиялық дивизияға айналуына негіз болды. Бұл ерлік архив деректерімен де толық расталды. Бірақ мінезінің тік, шыншыл, жоғары шенді қолбасшылармен және билікке жағынбайтын қайсарлығының салдарынан лайықты жоғары марапат дер кезінде берілмеді. Сондықтан Мемлекет басшысының марапаты тек жеке адамға емес, тұтас халықтың мақтанышына, адал еңбегі мен терең ерлігіне берілген әділ баға болды, – деді ол.

Іс-шара барысында қатысушылар Бауыржан Момышұлының мұрасы арқылы жастарды тәрбиелеудің ғылыми, педагогикалық, әскери және әдеби мәселелері, сондай-ақ тарихи тұлғаның әскери стратегиясы мен тактикасын, соғыс психологиясы ілімін әскери оқу орындарының барлық сатысында оқыту мен оны қолдану аясын кеңейту мәселелерін талқылады.

ӨНЕР



ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН ЭСТЕТИКА

Almaty Gallery жаңа көрме ұсынды

Жуырда «Алматы қаласының музейлер бірлестігі» іргесіне тағы бір өнер ордасы өз үйін әкеліп тікті. Дәлірек айтсақ, Almaty Gallery келіп қосылды.

**Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ**

Кеше галереяның көрме залында Қазақстан Республикасы Қолөнершілер одағының мүшесі Әсел Әбілхай мен Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Жазира Жұмашеваның кескіндеме және киізден жасалған туындылары ұсынылды.

«Дала бейнелері» деп айдар тағылған көрме дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық болмыс пен заманауи эстетика тоғысқан көркем кеңістікке айналды деп баға берді сарапшылар.

Жаңа буын өнер иелері дүниенің тылсым құпиясын, архетиптік, шамандық және архаикалық мәдениетті тың туындыларында абстракциялық мәнер-

де бейнелеген. Әр шығармадағы бояу мен фактураның нәзік үндестігі адам жанының терең иірімдерін сезінуге жетелейтіндей. Қос автор да абстракциялық шешімдегі киіздер, кеңістік пен форма арқылы түйінделген кескіндемелерімен Ұлы даланың шексіздігі мен терең философиясын, ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтарды, қазақ даласының рухын жеткізуге ұмтылған. Бұл ерекше туындылар дәстүр мен заманауи көркем ойдың түйісуінде пайда болған жаңа көркем тілдің үлгісі десек, қателеспейміз.

Көрмеде дәстүрлі қолөнер материалдары (киіз, жіп, мата) мен заманауи кескіндеме тәсілдері бір-бірін толықтыра отырып, абстракция арқылы философиялық мәнін ашуға бағытталған.

Ұлт руханиятының бір бөлшегіңдей болған «Дала бейнелері» көрмесі – көрерменіне тек өнер туындыларын тамашалатып қана қоймай, оның туған жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін оятады сөзсіз.

Көрме Almaty Gallery төрінде 8 ақпанға дейін тұрады. Келіңіздер, көріңіздер!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.
Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

Халқымыз ежелден табиғатқа барынша жақын болған. Аңшылық пен саятшылықты тіршілігінің бір бөлшегіне айналдырған. Саятшылар үшін қыс – тың ең қызықты, әрі асыға күтетін сәті – Қансонар. «Қара сонар», «жай сонар», «келте сонар» күндерін артқа тастап, қолына құс қондырған құсбегілердің көптен күткен қуанышты күні биыл жексенбіге тұспа-тұс келді. Табиғаттың өзі де бұл күні аңшылық пен саятшылыққа қолай танытып, ерекше мінез көрсеткендей.

чемпионат. Бұл жарысты асыға күткен саятшылар үшін Қансонар күндері нағыз сын мен шеберлік мектебіне айналды.

Чемпионат құсбегілік спортының ережесіне сай, үш жас санаты бойынша өтті. Бәсекеге 40-қа жуық құсбегі қатысып, бірнеше кезеңнен тұратын сайыста өзара мықтыны анықтады.

Ақтық сында бірдей ұпай жинаған қатысушылардың нәтижесі уақыт көрсеткішімен шешілді.

Жеңімпаздар:

Бүркіт салудан

Ересектер: Таңатов Ғабит.

Жастар: Бекниязова Айсұлу.

Жасөспірімдер: Бимұрат Мұрал.

Қаршыға салудан

Сұлтанғазы Жандос, Сәдуақасов Төлеген, Әділов Бекет.

Сұңқар салудан

Жапсарбай Елнар, Әділов Есет, Садыров Әлижан.

Қаңтардың қақаған аязы мен бет қарытар суығына қарамастан, бұл жарыс қала тұрғындарына ерекше әсер сыйлады. Қансонаршыл қауымның көңілін көтеріп, ұлттық рухты асқақтатты.

Енді саятшы жастар ақпан айында Оралда, одан кейін Қызылжарда өтетін дүбірлі додаға тыңғылықты дайындықты бастап кетті. Бұл – ұлттық спорттың тынысы кеңейіп, жаңа белеске көтеріліп келе жатқанының айғағы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бағдат МҮПТЕКЕҚЫЗЫ,
«Қыран» федерациясының атқарушы директоры:

ҰЛТТЫҚ МҰРА
ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Жуырда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Басты міндет – халқымыздың баға жетпес қазынасы – ұлттық мұраны сақтап, оны ұрпаққа аманаттау» деген сөзі құсбегілер қауымына ерекше серпін берді.

Құсбегілік – тек спорт емес, қазақтың дүниетанымы, табиғатпен үйлесімде өмір сүру философиясы. Бұл өнер арқылы жас ұрпақ сабырлыққа, жауапкершілікке, жан-жануарға деген құрметке тәрбиеленеді. Қыран баптау – төзімділік пен үлкен рухани дайындықты талап ететін күрделі мектеп.

Қалада ұлттық спортты дамыту оңай емес. Алайда, мемлекеттік қолдау мен жанашыр азаматтардың арқасында бұл бағыттың болашағы зор. Құсбегілік өнерді жүйелі түрде насихаттау, жастарды тарту, халықаралық деңгейде таныту – федерацияның алдағы басты мақсаттарының бірі.

Тәуелсіз Қазақстанның Көк Туында қанатын жайған қыран – халқымыздың рухының символы. Сол рухты сөндірмей, бабалар аманатын болашаққа жеткізу – баршамиыздың ортақ парызымыз.

Алматыда
құсбегіліктен

II қалалық чемпионат өтті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жарыс төрт кезеңнен тұрды. Олар бүркітті қолға шақыру, бүркітті шырғаға салу, қаршығаны кептерге салу, сұңқарды тепкіге ойнату сынды кезеңдер қамтылды. Бірінші күні іріктеу кезеңі өтті. Ол кезеңде құсбегілер қолға шақыру, еркін ұшырудан сыналса, екінші күні құстарды шырғаға салды. Шырға – түлкінің немесе шибөрінің терісі. Атпен шауып тартады. Құс мүлт кетпей, соған дәл түсуі керек. Одан кейін жартылай финалдан өткен жеңімпаздарды қоянға салып іріктеді. Соңғы

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

* Құсқа дауыс көтеріп, жекіруге болмайды. Текті құс ашуланса, қайта ырқына көндіру оңайға соқпайды.

* Бүркіттің түлегі кезінде түскен қауырсындарын теріп алып кереге басына іліп қоятын салт бар. Бұл қауырсынды қастерлеу, әрі саятта құстың қауырсыны сынып, құстың ұшуына бөгет болса, кәдеге жарату деген сөз.

* Қазақ халқы үйге қыран құс келгенде Қызыр Бабаның ерекше сыйлығы деп, сонымен қатар үйге бақ-береке келді деп шын жүректен қуанып, жақсылыққа жорыған.

* Бүркіттің тұғырына адам отыруға болмайды. Атадан балаға мұрагерлікке қалдырылатын киелі зат деп, танылады. Қазақта: «Ат өлсе – ер-тоқым үйіледі, құс өлсе – тұғыр күйінеді» деген аталы сөз содан қалған.

* Біреудің қыран құсына көзі түсіп, көңілі ауса, оны қалап сұрап алады. Оның қарымтасына беретін кәдені «тұғыр жабар» деп атайды.

* Жыл мезгіліне қарай түлейді, осы кезде олардың мінезі де өзгереді – жуас не керісінше тұйық бола түседі.

* Құсбегі құсты бір ғана киім үлгісімен үйретеді. Қыран иесін иісіне, тұрпатына және киімінің түсіне дейін жаттап алады.

* Қыран құсты жеңіл ұшып, жеңіл қонатын бабына келгенде ғана аңға салады.

* Көбіне таңертеңгі салқын уақытта жақсы ұшады. Күн көтеріліп, ауа ыси бастағанда құстың қырағылығы төмендейді.

* Олардың көру қабілеті адамнан 6-8 есе өткір. Бірнеше шақырым жердегі қозғалысты анық байқай алады.

* Бүркіт пен қаршыға олжасын алдымен көзімен емес, қозғалысымен таниды. Сондықтан қозғалған аң бірден нысанаға ілігеді.

* Тік құлдилап түскенде сағатына 250-300 км жылдамдыққа дейін жетуі мүмкін.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБА



АНТПЕН БАСТАЛҒАН АДАЛ ЖОЛ

«Жас сақшы» ұйымына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті

Алматы қаласындағы №224 жалпы білім беретін мектепте Республикалық «Жас сақшы» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шара жас ұрпақты тәртіпке баулу, құқықтық мәдениетін арттыру және отансүйгіштік рухын қалыптастыруды мақсат етті. Жиынға Алматы қаласы білім басқармасының өкілдері, қалалық Полиция департаменті, мектеп әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар мен оқушылар қатысты.



Дана
САДЫРҚАН

Мектеп директоры Райза Ахметова бұл бастаманың оқушылардың тәртіпті, саналы әрі елжанды болып қалыптасуына зор ықпал ететінін атап өтті.

– «Жас сақшы» ұйымының басты мақсаты – өскелең ұрпаққа заң мен тәртіптің мәнін түсіндіру, Отанға деген

сүйіспеншілікті арттыру, жауапкершілігі жоғары, саналы, патриот азамат тәрбиелеу. Қатарға қабылданған әрбір оқушы – тәртіп пен үлгінің, адалдық пен жауапкершіліктің жарқын бейнесі болуы тиіс. Осы игі бастаманың жүзеге асуына қолдау көрсетіп отырған құқық қорғау органдарының өкілдеріне, ұстаздарымызға және ата-аналарға алғыс білдіремін, – деді Райза Ахметова.



Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын кіргізумен басталып, Әнұран шырқалды. Ұйым қатарына қабылданған оқушылар ант қабылдады. Ант барысында жас сақшылар еліне адал қызмет етуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, заң мен тәртіп талаптарын сақтауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, салауатты өмір салтын ұстануға және ұйым ережелерін орындауға салтанатты түрде уәде берді. Анттан кейін жас сақ-

шылардың саптық дайындығы көрсетіліп, ұйым ұраны жарияланды.

– Аталған сыныптың ашылуы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, тәртіпке, жауапкершілікке және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған маңызды әрі тағылымы мол бастама. Алматы қаласы бойынша 15-ші патриоттық полиция сыныбы ашылып отыр. Бұл – полиция департаменті мен білім беру ұйымдарының бірлескен жұмысының нақты нәтижесі әрі жастарға деген сенімнің айқын көрінісі. «Жас сақшы» сыныбының оқушылары алдағы уақытта Алматы қаласы Полиция департаментінің мерекелік іс-шараларына, тәлім-тәрбиелік және патриоттық бағыттағы кездесулерге белсенді қатысып, құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста болады. Мұндай жұмыстар жасөспірімдердің азаматтық ұстанымын қалыптастырып, болашақта елге адал қызмет ететін саналы тұлға болып өсуіне оң әсер етеді. Алдағы уақытта осы сынып түлектерінің полиция қатарын толықтырып, ел тынышты-

ғын күзететін нағыз патриот азаматтар болып қалыптасатынына сенім мол, – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нариман Батаев.



Ал ұйымға мүшелікке қабылданған 6-сынып оқушысы Кәусар Балтөре «Жас сақшының» балаларды тәлім-тәрбиеге үйрететінін айтты.

– 5-6 сынып оқушылары аталған ұйымға кіріп, мектептің тәртібін қадағалайды. Сыныбымынан 22 оқушы қабылданып жатыр. Болашақта еліме адал қызмет еткім келеді, – деді оқушы.

Айта кетейік, «Жас сақшы» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған республикалық жоба. Ұйым қызметі жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



«Ерлік сабағына» алғашқы әскери және технологиялық дайындықтан өтіп жатқан жоғары сынып оқушылары, сондай-ақ мектептегі «Жас сарбаз» сыныбының тәрбиеленушілері қатысты. Сабақ Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбында» ашық сабақ форматында ұйымдастырылды. Іс-шараны мектептің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі, запастағы полковник Ниязтай Әлкешев өткізді.

– Жақында мектебімізде Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбы» ашылды. Сол батырлардың бірі Жандос Баянбаевпен кездесу өткізу – біз үшін үлкен мәртебе. Кітаптан немесе журналдан оқу бір бөлек, ал нағыз батырмен жүздесіп, оның ерлігі мен қызмет жолын өз аузынан есту – оқушыларға ерекше әсер қалдырғаны анық. Сабақ барысында Ұлттық ұланның негізгі міндеттері мен әскери қызметтің маңызы кеңінен түсіндірілді. Бұл кездесу балалардың жадында ұзақ сақталатынына сенімдімін, – деді №210 мектеп-лицей директоры Гүлнар Ахметова.

Өз кезегінде «Жас сарбаз» сыныбының оқушысы кішкентай ұлан – Дінмұхамед Мұрат та алған әсерімен бөлісті.

– Батыр ағамыздың әңгімесі өте қызықты әрі әсерлі болды. Мен Ұлттық ұланның қандай қызмет атқаратынын жақсы түсіндім. Бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін, батылдықты қажет ететін қызмет екен. Болашақта мен де осындай әскери қызметші болғым келеді, – деді ол.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БАЛА ЖОЛДАН ТАЙМАСЫН...

Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінің студенттері үшін «Заң және тәртіп» идеялогиясын түсіндіру мақсатында телекөпір форматында кездесу өтті.

Жастармен кездесуге Алматы қаласы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты №11 мекеменің Сотталғандар арасындағы әлеуметтік психологиялық тәрбие жұмысы бөлімінің жасақ бастығы, әділет майоры Мият Қанатов, осы мекеменің әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысының қызметкері Еркегүл Жеңісхан, Алмалы ауданының бөлім прокуроры Ерназар Саймасай, Алмалы ауданы ПБ ҚҚБ ЮПБ аға инспекторы, полиция майоры Меруерт Симова және полиция аға лейтенанты Жұмабек Алтынбек қатысты.

Олар заң пен тәртіп кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі екенін, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуі мемлекеттік органдардың да, азаматтық қоғамның да заң нормаларын қатаң сақтауымен ғана мүмкін екенін атап өтті. Жастар меймандарға заң мен тәртіп төңірегіндегі сауалдарын қойып, өзара пікір алмасты.

Телекөпірге №11 мекемеде, яғни балалар колониясында жазасын өтеп жатқан Бақдәулет есімді жасөспірім де онлайн қосылып, ол

да сөз алды. Бас бостандығынан айырылған бозбала бұл жолға қалай түскенін, қандай жаза арқаалағанын және заңға бағынбай тәртіп бұзғанына өкінетінін де тілге тиек етті. Колледж студенттерін, яғни замандастарын сондай қателіктерге ұрынбауға, бостандықтағы өмірдің қадірін білуге шақырды.

«Біз жастардың бойында заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптас-тыруға бағытталған осындай іс-шараларды жиі ұйымдастырып отырамыз. Кез келген баланың жолдан тайып кетпеуін, жақсы азамат болып өсуін қалаймыз. Осынау егемен еліміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында екенін үнемі айтып жүреміз. Қоғамның, айналаның, адамдардың, үлкен-кішінің қауіпсіздігі бізге де байланысты, ол үшін білімді, тәртіпті, патриот болу шарт екенін де қайталаудан жалықпаймыз. Сонда ғана құқықтық мемлекетті нығайта аламыз. Міне, қазір ғана телекөпірде сотты болған жеткіншек сөйледі. Оның іс-әрекеті бізге сабақ болуға тиіс. Жастар осындай кездесулер арқылы заң талаптарын бұзудың құқықтық салдарын түсінуі, заң нормаларын сақтаудың маңыздылығын біліп жүруі керек деп ойлаймын», – дейді Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Күнімай Омарова.

Нұр ЖАМАЛ



Нұржамал
ӘЛІШ

Кездесуде оқушыларға алдымен қадірлі мейман туралы түсірілген деректі фильм көрсетіліп, батырдың өмір жолы мен қызметтегі ерлігі таныстырылды. Бұдан кейін ол мектеп ұландарымен ашық әңгіме жүргізіп, әскери қызмет барысындағы бастан өткерген оқиғаларын бөлісті, сондай-ақ балалар тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берді.



«АРСЕНАЛМЕН» АЙҚАС

«Қайрат» Чемпиондар лигасындағы маусымын Лондонда аяқтады

Алматылық команда осы еуромаусымда мәртебелі турнирдің негізгі кезеңіне өтіп, қазақстандық жанкүйерлерге футбол мерекесін сыйлады. Алматыда «Реал Мадридпен», Миланда «Интермен» өткен ойындар ел тарихына енді. Чемпиондар лигасындағы ойындар футбол сүйер қауымға бірде қуаныш, бірде «әттеген-ай» деген өкініш сыйлады. Бастысы, ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Қазақстан футболына осы маусымда жаңа леп берген «Қайрат» еурожарыстағы жолын Лондондағы әйгілі «Эмирейтс» стадионында ағылшын лигасының алпауыты «Арсеналға» қарсы аяқтады. Бір қызығы – «зеңбірекшілер» командасы бұған дейінгі 7 ойынның бәрінде жеңіске жетіп, турнирлік кестеде көш бастап тұр. Ал 1 ұнайы бар алматылық ұжым ең соңғы 36-орында болды. Турнирдегі ең мықты және ең әлсіз команда арасындағы ойынның тағдыры алдын ала белгілі секілді болғанымен, шынайы матч жанкүйерлерді таңқалдыра алды.

**Досбол
АТАЖАН**

Бас бапкер Рафаэль Уразбахтин бұл кездесуде әдеттегі ойын схемасынан бас тартып, 5 қорғаушымен шықты. Қақпада – Темірлан Анарбеков, қорғаныста – Луиш Мата, Егор Сорокин, Александр Мартынович, Александр Широбоков, Еркін Тапалов ойнады. Жартылай қорғаушы ретінде алаң ортасында Әділет Садыбеков пен Дан Глейзер болса, екі қапталда Жоржиньо мен Александр Мрынский өнер көрсетті. Шабуылшының қызметі бойшаң Эдмилсонға артылды. Ұжымдық ойыны мен мықты қорғанысы арқылы белгілі «Арсенал» бапкері Микель Артета да бұл ойынға бес қаруын сайлап шықты. Виктор Дьокереш, Кай Хаверц, Мадуже сынды жұлдызды ойыншылар алғашқы минуттардан алаңда болды.

Алаң иелері төреші ысқырығы естілген соң, еш қымсынбай ашық шабуылға шыға кетті және мұндай батылдық бірден нәтиже берді. Лондон клубына осы

маусымда қосылған Виктор Дьокереш 2-минутта есеп ашты.

Дегенмен, жылдам гол алматылықтардың сағын сындырған жоқ. Ойынның 3-минутында өз айып алаңында қорғаушы Риккардо Калафьори «сары-қара» жейделі Жоржиньоға қарсы ереже бұзды. Төреші бұл сәтке басында назар аудармағанымен, VAR бейнеқайталау жүйесін қараған соң, «Арсенал» қақпасына пенальти тағайындады. Жоржиньо қақпадағы Кепа Аррисабалагадан айналасын асырып, есепті теңестірді – 1:1. Бұл сәттен кейін ойын саябырсағандай көрінгенімен, 15-минутта Кай Хаверц қонақтардың қорғанысын айналып өтіп, өз командасын алға шығарды. Ал 36-минутта командалық шабуылдан кейін Габриэль Мартинелли допты Анарбековтің қақпасына кіргізді. Офсайдқа күмәні бар гол алдымен есепке алынбады. Бірақ бейнеқайталаудан кейін есеп 3:1 болып тіркелді. Екінші таймда «зеңбірекшілер» командасы допқа иелік етіп, тағы да басымдығын

көрсетті. 87-минутта Жезус көзге түсіп, гол соқты. Бірақ осы жолы доп төреші шешімімен есепке алынбады. Ал ойынның қосымша минуттарында қосалқы құрамнан қосылған Рикардиньо командаласы Громыконың әулеті берген пасынан кейін гол соғып, есеп айырмасын қысқартты. Осылайша «Арсенал» 3:2 есебімен жеңіске жеткенімен, «Қайрат» қайсарлық көрсетіп, Чемпиондар лигасындағы соңғы аккордын әдемі нотада аяқтады.

Лондон командасы жаңа форматқа ауысқан еурокубоктың топтық кезеңіндегі барлық ойында жеңіске жеткен алғашқы команда атанды. Одан бөлек, жарыстың 1/8 финалына «Бавария», «Ливерпуль», «Тотенхэм», «Барселона», «Челси», «Спартак», «Манчестер Сити» өтті. Ал плей-офф кезеңіне «Реал Мадрид», «Интер», «ПСЖ», «Ньюкасл Юнайтед», «Ювентус», «Атлетико Мадрид»,

«Аталанта», «Байер», «Боруссия Дортмунд», «Олимпиакос», «Брюгге», «Галатасарай», «Монако», «Карабах», «Будё-Глимт» және «Бенфика» жолдама алды. Ал «Марсель», «Пафос», «Юнион», «ПСВ», «Атлетик Бильбао», «Наполи», «Копенгаген», «Аякс», «Айнтрахт», «Славия Прага», «Вильярреал» және «Қайрат» жарыстағы жолын аяқтады.

Жеке ойыншылардың нәтижесін келсек, «Реал Мадрид» шабуылшысы Килиан Мбаппе 7 ойында 13 гол соғып, топтық кезеңнің сұрмергені атанды. Ал нәтижелі пас бойынша 8 ойында 5 ассист берген «Реал Мадрид» ойыншысы Винисиус Жуниор, «Бавария» ойыншысы Майкл Олисе және «Марсель» ойыншысы Пьер-Эмерик Обамеянг тізімді көш бастап тұр. Ал 8 ойынның 6-ында гол өткізбеген «Тотенхэм» қақпашысы Гульельмо Викарио бұл көрсеткіш бойынша топтық кезеңде үздік болды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАРТЫСТЫ ОЙЫН КҮТІП ТҰР

«Қайрат» футбол клубы Қазақстан чемпионаты мен УЕФА Чемпиондар лигасындағы маусымды сенімді түрде жалғастырып келе жатыр. Команда Еуропаның басты турнирінің ширек финалына жолдама алып, 23 ақпанда Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында испаниялық «Картахена» клубына қарсы алғашқы матчты өткізеді. Қарымта кездесу 6 наурызда Испанияда өтеді, екі ойынның қорытындысы бойынша жеңіске жеткен команда УЕФА Чемпиондар лигасының Төрттік финалына шығады. «Қайрат» ФК спорт директоры Густаво Парадеда мен команда капитаны Біржан Оразов маусымдағы жетістіктер, алға қойылған мақсат пен клубтың дамуы туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде баяндап берді.

«Ақпан айында біз УЕФА кубогы үшін ойнаймыз. Біз бұл кубокты екі рет жеңіп алғанбыз. Бұл ең жоғары деңгейдегі жарыс. Сонымен қатар, биыл біздің клубтың құрылғанына 30 жыл толып отыр, сондықтан осы жылы үшінші УЕФА кубогын алуды қатты қалап отырған жайымыз бар. Әрине, қарсыласымыз да өте мықты. Испанияның «Картахена» командасы. Олар өздерінде абсолютті чемпион. Бізді өте тартысты ойын күтіп тұр. Алғашқы матчты өз алаңымызда, Алматыда өткіземіз. 23 ақпанда жанкүйерлеріміздің қолдауын асыға күтеміз. Баршаңызды Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайына шақырамыз.

Сіздер қолдасаңыздар, жеңіске жету жеңілдеу болады», – деді «Қайрат» жанкүйерлеріне үндеу тастаған Густаво Парадеда.

1995 жылы Алматы қаласында құрылған «Қайрат» футбол клубы осы уақыт ішінде Қазақстандағы ең атақты клубқа айналды. Команда УЕФА Чемпиондар лигасының екі дүркін жеңімпазы (2013 және 2015 жылдар), ел чемпионатының 21 дүркін чемпионы, соның ішінде қатарынан 20 чемпиондық атаққа қол жеткізген бірегей серияның иегері, сондай-ақ Қазақстан Кубогы мен Суперкубогының бірнеше дүркін жеңімпазы болды. «Қайрат футбол» УЕФА Чемпиондар лигасының жүлдегерлері қатарынан жиі көрініп, Қазақстанды үнемі халықаралық аренада таныстырып жүр.

«Қайрат» Қазақстанның ұлттық, жастар және жасөспірімдер құрамасына ойыншы даярлайтын негізгі клубтың бірі. Қазір клубтың балалар академиясында 7 мен 19 жас аралығындағы 300 бала жаттығады. Академия Алматы әкімдігінің қолдауымен жұмыс істеп, бұқаралық спорттың дамуына елеулі үлес қосып жүр.

Клубта жаттығу мен қалыпқа келтіру залдары, тренажер залы, медициналық және физиотерапиялық бөлімдер, сондай-ақ жазғы жаттығу алаңдары, жағажай мен ашық ойын алаңдары бар. Бұл барлық жастағы командаларға жоғары кәсіби деңгейде дайындалып, қалпына келуге мүмкіндік береді.

**Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ЖАСҚА ҚАРАМАЙТЫН ЖАРЫС

Алматы маңындағы Жаңатұрмыс ауылында волейболдан ерекше турнир өтті.

Қаңтар айында 50, 60, 65, 70 жас мерейтойын атап өткен волейболшылардың құрметіне «Ақжар» спорт клубы турнир ұйымдастырды. Бұл жарысқа Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесінің спорт жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қанатбек Ермеков бастаған аудан зейнеткерлерінің командасы қатысты. Турнир нәтижесі бойынша «Бостандық» командасы жүлделі 3-орынды иеленді.

– Бұл волейбол спорт секциясында 21 адам бар. Олар екі жыл бойы спорттың осы түрімен айналысып жүр. Коман-

да құрамы жыл сайын толығып, шеберліктерін ұштап келеді, – деді Қанатбек Ермеков.

Сондай-ақ, ол спортты өміріне серік еткен зейнет жасындағы спортшылар жастарға үлгі болып, өз іс-әрекеттерімен салауатты өмір салтын насихаттап келе жатқанын атап өтті. Айтуынша, елімізде бұқаралық спортқа, оның ішінде зейнеткерлердің мүмкіндіктеріне қарай қозғалысы бар спортқа тартылуына мүмкіндік жасалып отыр.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



МҰҚАБА МІНСІЗ, МАЗМҰН МАРДЫМСЫЗ

Оқылатын кітап азайып, сатылатын кітап көбейді

Алматы – елдің мәдени-рухани орталығы, оған қоса қалада бизнеске мол мүмкіндік жасалған. Қазіргідей ақша табудың жолдары күннен-күнге түрленіп жатқан заманда қаланың қос бірдей артықшылығын әркім пайдаланғысы келеді. Бұрын ойға келмеген кәсіп түрлері пайда болып жатыр. Бірі онлайн курс ашады, бірі коуч атанады, енді бірі психолог, мотиватор, тренер болып шыға келеді. Ал соңғы жылдары қоғамда ерекше байқалып жүрген бір құбылыс бар. Ол – кітап шығару. Бұрын кітап жазу үлкен жауапкершілік, ұзақ жылдық тәжірибе мен терең білімнің нәтижесі саналса, қазір ол табыс табудың кезекті бір құралына айналып бара жатқандай әсер қалдырады. Әдемі мұқаба, сәнді дизайн, өтімді атау, мотивациялық бір-екі сөйлем – болды, кітап дайын. Оны шығарып, маркетингін жүргізіп, әлеуметтік желі арқылы сату да қиын емес.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Рухани нарық қайда барады?

Қазір кітап шығару бұрынғыдай тек жазушылардың, ғалымдардың немесе зерттеушілердің ғана еншісі емес. Танымал блогер, коуч, кәсіпкер, кітап авторына айналып үлгерді. Бірі өзінің өмір жолын жазады, бірі табысқа жетудің жолын үйретеді, енді бірі «мотивация», «өз-өзіңді дамыту», «бай болудың формуласы», «арманға жетудің 10 қадамы» деген тақырыптарды қаузаиды. Бәрінің айтатыны бір: сен де бай бола аласың, сен де табысты бола аласың, тек дұрыс ойла, дұрыс жоспарла, өзіңе сен.

Ең қызығы, кітап шығару қазір үлкен бизнеске айналды. Бұрын кітап дүкенінен барып алып оқитын едік, қазір электронды нұсқалары жетерлік. Тіпті, қазір кітапты әлеуметтік желі арқылы жарнамалап, Kaspi магазинге салып, бірнеше айға бөліп төлеу жүйесін енгізіп қойған. Кейбір авторлар кітапты жалғыз сатпайды. Қасына блокнот қосады, қалам қояды, арнайы «мақсат дәптері», «арман картасы» деп атайды. «Арман, мақсаттарыңызды жазасыздар, барлығы орындалады» деп жарнаманың түбін түсіреді. Тіпті, кітапты сатып алғандар арасында көлік ойнатып, ақшалай сыйлықты да тарту етеміз дегендер жетерлік. Кітаптың атауы да, дизайны да мінсіз. Қолға алсаң, сапасы да жаман емес. Қалың, сапалы қағаз, заманауи шрифт, көзтартарлық мұқаба.

Бірақ ішін ашып оқи бастағанда көңіл су сепкендей басылады. Себебі, ондағы ойлардың басым бөлігі бұрыннан белгілі, әлемдік мотивациялық кітаптардан жиналған, аударылып, қайта өңделген, кейде тіпті сол күйінде көшірілген дүниелер болып шығады. Айтылатын ой бір, сөздер әртүрлі. Бір кітаптан оқығаныңды екінші кітаптан тағы көресің. Үшіншісінде де сол. «Өзіңе сен», «мақсат қой», «ерінбе», «қорықпа», «әрекет ет» деген бір сарынды сөздер қайталана береді. Автордың жеке тәжірибесі, нақты мысал, терең талдау жоқтың қасы. Барлығы жалпылама, бәріне ортақ, ешкімге нақты пайда әкелмейтін құрғақ мотивация.

Сөредегі декорға айналды

Бұрынғы кітаптарды оқысаң, оның дәмі ұзаққа дейін кетпейтін. Кейіпкерлерімен бірге күлесің, бірге жылайсың, бірге ойланасың. Бір кітапты оқып бітірген соң, оны қайта парақтап, сүйікті беттеріңді белгілеуші едің. Ал қазіргі мотивациялық кітаптар бір оқып шыққан соң, сөреде шаң басып қала береді. Оқырманға әсер етпейді, ой салмайды, ішкі дүниенді өзгерт-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

пейді. Тек уақытша әсер береді де, артынша ұмытылады. Қоғамда «жылдам байығысы келетіндер» көбейген сайын, «жылдам үйрететіндер» де көбейді. Ал кітап сол үйретудің ең ыңғайлы форматына айналды. Себебі, кітап жазу үшін міндетті түрде әдебиетші, ғалым немесе кәсіби жазушы болудың қажеті жоқ. Қазір контент жазатын копирайтерлер бар, редакторлар бар, дизайнерлер бар. Автор тек өз ойын айтады, қалғанын команда реттеп береді. Бірнеше айдың ішінде кітап дайын. Кейде тіпті автордың өзі толық жазып та шықпайды. Сұхбат форматында сөйлеп береді, соны мәтінге айналдырып, кітап қылып шығара салады.

Осылайша кітаптың өзі де контентке айналды. Ол енді рухани азық емес, маркетинг құралы. Танымал болудың тағы бір жолы. «Мен – кітап авторымын» деген статус әлеуметтік желіде жақсы өтеді. Блогердің беделін арттырады, коучтың имиджін күшейтеді, тренердің сенімділігін көтереді. Кітап – енді білімнің өлшемі емес, брендтің бір бөлігі.

Қазір ешкім таңнан кешке дейін бір жерде отыратын тұрақты жұмысты істегісі келмейді. Барлығы еркін график, онлайн табыс, пассивті кіріс іздейді. Соның бәрі «жеке бренд», «өзін таныту» деген ұғымдарға тіреледі. Ал кітап – сол брендті қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі. Кітап шығарған адам автоматты түрде «эксперт» атанады. Оны конференцияларға шақырады, тренингтерге спикер қылады, сұхбат алады. Бір кітап үлкен карьераның баспалдағына айналып отыр. Бірақ осы жерде бір сұрақ туындайды. Біз шынымен кітап оқып жатырмыз ба, әлде кітап сатып алып, өзімізді дамытып жатқандай иллюзияға сеніп жүрміз бе? Қазір көп адам кітапты оқу үшін емес, сатып алу үшін алады. «Мына кітапты да алдым, ана кітапты да алдым» деп сөресін толтырады. Бірақ ішін ашып оқуға уақыт таппайды. Ал оқыса да, ішіндегі ойды өмірінде қолданбайды. Кітап сәндік затқа айналып бара жатқандай.

Бұрын кітап үйдің ең қадірлі бұрышы болатын. Әр кітаптың орны бөлек, әр автордың салмағы бар еді. Қазір кітап – интерьердің бір бөлігі. Сөрені әдемі көрсету үшін қойылатын декор сияқты. Кейбірі кітапты түсіне де қарап алады. Үйінің дизайнына сәйкес келетін мұқабаларды таңдайды. Бұл да – заманның бір көрінісі. Мотивациялық кітаптардың көбейіп кетуі қоғамдағы бір үлкен сұраныстың бар екенін көрсетеді. Адамдар өмірден шаршаған, күйзелген, бағытынан жаңылған. Олар біреу келіп, «сен бәрін істей аласың» деп айтқанын қалайды. Біреу келіп, жол көрсеткенін қалайды. Біреу келіп, сенім бергенін қалайды. Бірақ мәселе сол сенімді кітаптан емес, адамның өзінен

табу керек екенін ұмытып бара жатқандаймыз.

Әдемі қаптамаға алданып жүргендейміз...

Мотивация – уақытша әсер. Ол бір күн, бір апта, бір ай ғана күш береді. Ал тәртіп, еңбек, сабыр, жауапкершілік – ұзақ жолдың серігі. Өкінішке қарай, қазіргі кітаптардың көбі осыны айтпайды. Олар жеңіл жолды, тез нәтиже беретін әдісті ұсынады. «30 күнде бай бол», «21 күнде өміріңді өзгерт», «7 қадамда миллионер бол» деген тақырыптармен оқырманды қызықтырады. Бірақ өмірде бәрі бұлай оңай шешілмейді. Кітаптың қадірі кеткен жоқ, бірақ кітапқа деген көзқарас өзгеріп барады. Ол енді рухани құндылық емес, тұтыну өніміне айналды. Қалай телефон, киім, техника алсақ, солай кітап та аламыз. Акциямен, бөліп төлеумен, жеңілдікпен. Ал рухани дүниені бөліп төлеу – біртүрлі құбылыс.

Әрине, қазіргі авторлардың ішінде шынымен ойы бар, айтары бар, қоғамға пайдасы бар кітап жазып жүргендер де бар. Бірақ олардың дауысы маркетингтің шуында естілмей қалып жатыр. Себебі, жарнамаға көп ақша құятындар – сапалы

кітап жазатындар емес, өтімді өнім жасағысы келетіндер.

Қазіргі кітап нарығы – үлкен бизнес. Баспа, дизайн, логистика, жарнама, сату, жеткізу – бәрі жолға қойылған. Кітап – стартап сияқты. Идея бар, команда бар, өнім бар, клиент бар. Ал клиент мотивацияға зәру оқырман. Қазір біз ақпаратқа тұншығып отырмыз. Әлеуметтік желі, видео, подкаст, сторис, рилс – бәрі санаға шабуыл жасап жатыр. Осындай заманда кітаптың рөлі тіпті маңызды болуы керек еді. Бірақ біз оны да хайптың құрбанына айналдырып жатқандаймыз. Мотивациялық кітаптың орнына терең ой салатын, өмірдің мәнін түсіндіретін, адамды өзгертетін кітаптар керек. Бізге жеңіл табыс емес, ауыр еңбектің қадірін түсіндіретін дүниелер керек. Бізге «бәрі болады» деп алдарқататын емес, «бәрі еңбекпен келеді» деп үйрететін кітаптар керек.

«Кітап шығару сәнге айналды ма?» деген сұраққа жауап іздесек, иә, белгілі бір деңгейде ол сәнге айналды. Бірақ кітаптың шынайы құндылығы сәнде емес, санада болуы керек. Егер кітап тек әдемі мұқаба мен өтімді атаудың жиынтығы болып қалса, онда біз ең үлкен қазынамыздан, рухани байлығымыздан айырылып қалуымыз мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мадина ҮТЕШОВА, қазақ тілі маманы:

САННАН БҰРЫН САПА МАҢЫЗДЫ

Алматы – еліміздің мәдени және креативті индустриясының орталығы. Соңғы жылдары қалада кітап шығару мен әдеби өнім өндіру де креативті бағытқа айналып келеді. Алайда, қазіргі кезде саннан бұрын сапаға мән беру маңыздырақ деп білемін. Қоғамда «оқылатын кітап азайып, сатылатын кітап көбейіп барады» деген пікір туындап отыр. Бұрын кітап рухани тәрбие құралы болса, қазір көбіне сыртқы безендіруі мен жарнамасына қарай бағаланатын өнімге айналды. Қазақ тілінде жарық көріп жатқан мотивациялық кітаптардың мазмұны бір-біріне ұқсас, тілі жұтаң, ойы үстірт. Кейбір еңбектерде қазақ тілінің көркемдік мүмкіндіктері толық пайдаланылмай, орыс тілінен тікелей аударылған тіркестер кездеседі. Мұндай кітаптар оқырманның әдеби талғамын қалыптастырмайды. Ал нағыз әдеби шығарма уақыт сынынан өтеді. Әуезов, Аймауытов, Мүсірепов сынды қазақ жазушыларының еңбектері бүгінге дейін оқырманға жаңа ой сыйлайды, өмірге басқа қырынан қарауға жетелейді. Сондықтан әдебиетте саннан бұрын сапа маңызды, әр автор оқырманға қандай ой, қандай құндылық беретінін терең ойлауы керек.

Сонымен қатар, балаларға арналған контент те аса маңызды деп білемін. Яғни балаларға арналған кітаптарды көбейтіп, бірақ оның сапасына маңыз қою. Ертегілер мен қызықты әңгімелер кішкентай баланың алғашқы танымын және қиялын дамытады. Бұрын бұл міндетті әжелер мен аталар айналысса, бүгінде интерактивті мультимедиа, анимациялық жобалар мен онлайн ресурстар арқылы жүзеге асырылады. Иә, ол салада қазір бірнеше жұмыстар атқарылып жатыр, бірақ ертегі, әңгіме айтуды естен шығармаған жөн. Сондықтан балаларға арналған контентті ақпараттық сүйемелдеу арқылы ұлттық дәстүр мен мәдени құндылықтарды жеткізу маңызды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4:

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№24 қалалық емхана» КМК	050028, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Земнухов көшесі, үй 3/1
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№26 қалалық емхана» КМК	050067, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Таусамалы» ы/а., Гроза көшесі, 102
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№27 қалалық емхана» КМК	050027, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Ақжар» ы/а., Дәулеткерей көшесі,140
4	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№28 қалалық емхана» КМК	050054, Алматы қ., Түркісіб ауданы, «Жас қанат» ш/а., 54/2
5	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№32 қалалық емхана» КМК	050067, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Монтажная көшесі, 33
6	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Медициналық жедел жәрдем қызметі» КМК	050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Қазыбек би көшесі, 115
7	Алматы қ. ҚДСМ ШЖК «Фтизиопульмонология орталығы» КМК	050030, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дегдар көшесі, 45
8	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» КМК	050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, Бәсенов көшесі, 2, 4-корпус
9	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Алатау қалалық ауруханасы» КМК	050032, Медеу ауданы, «Алатау» ш/а., Жетбаев көшесі, 28
10	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК	050020, Алматы қ., Медеу ауданы, Чайкина к-сі, 12 А
11	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «қалалық қан орталығы» КМК	050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Бұқар жырау көшесі, 47
12	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «Психикалық сауықтыру орталығы» КМК	050060, Алматы қ. Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 А
13	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «қалалық ревматология орталығы» КМК	050022, Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 98/71 үй
14	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№2 қалалық перинаталдық орталығы» КМК	050002, Алматы қ., Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 28/20 үй
15	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «қалалық кардиологиялық орталық» КМК	050093, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 93-үй
16	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» КМК	050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, Бәсенов көшесі, 2
17	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» КМК	050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 299 А
18	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК	050040 (А15Г7Н3), Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 295
19	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» КМК	050000 (А05А3РQ), Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 124

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқау кеңестің мүшесі ретінде:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Қонкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: **050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, тел. +7 707 247 16 06.**

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2026 жылғы 30 қаңтар.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2026 жылғы 2 наурыз.

Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2026 жылғы 2 наурыз.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

Халықтың санитариялық-эпидемия-лық саламаттылығы – халық денсау-лығын сақтау, қолайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз ету және санитариялық қауіпсіздікті нығайту бағытындағы мемле-кеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы салада көрсетілетін мемлекеттік қыз-меттер Қазақстан Республикасының заңна-масына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган-дар – санитариялық-эпидемиологиялық саласындағы мемлекеттік мекемелер арқы-лы жүзеге асырылады.

Санитариялық-эпидемиялық саладағы қыз-меттің негізгі мақсаты – санитариялық-эпиде-миологиялық қатерлердің алдын алу, халық денсаулығына әсер ететін зиянды факторларды анықтау және олардың салдарын болдырмау. Аталған қызметтер Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жү-йесі туралы» Кодексіне, санитариялық қағида-ларға, техникалық регламенттерге және өзге де

бекітілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтердің негізгі түрлеріне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру, объектілердің санитариялық талаптарға сәйкестігін бағалау, санитариялық-эпидемиоло-гиялық мониторинг жүргізу, зертханалық бақы-лау ұйымдастыру, профилактикалық және шек-теу іс-шараларын іске асыру жатады. Сонымен қатар, халыққа қызмет көрсету, білім беру, өндіріс, көлік, сауда және қоғамдық тамақтану объектілерінде санитариялық нормалардың сақ-талуына мемлекеттік бақылау жүзеге асырыла-ды.

Санитариялық-эпидемиологиялық қадаға-лау шеңберінде жұқпалы аурулардың алдын алу, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру, қор-шаған орта объектілерінің қауіпсіздігін қамтама-сыз ету, ауыз су сапасын бақылау және еңбек жағдайларының санитариялық талаптарға сәй-кестігін бағалау қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметтердің тиімділігін артты-ру мақсатында көрсетілетін қызметтерді автомат-тандыру және цифрландыру жүргізілуде. Қыз-меттердің басым бөлігі электрондық үкімет порталы арқылы қолжетімді болып, өтінімдерді қабылдау, нәтижелерді беру және қызмет көрсе-ту мерзімдерін бақылау электрондық форматта жүзеге асырылады. Бұл әкімшілік кедергілерді азайтуға және көрсетілетін қызметтердің ашық-тығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, халықтың санитария-лық-эпидемиологиялық саламаттылығы сала-сында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аза-маттардың санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоғамдық денсаулықты ны-ғайтуға және елдің тұрақты әлеуметтік-экономи-калық дамуына жағдай жасауға бағытталған жүйелі тетік болып табылады.

К.ДЖУБАНЫШЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі санита-риялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) байқау кеңесін құру және тарату қағидаларына, байқау кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптарға, сондай-ақ байқау кеңесі мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібіне сәйкес байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 20 тамыздағы №80 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 тамызда №36660 болып тіркелген конкурс Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы келесі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары бойынша өткізіледі конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

№ р/с	Медициналық ұйым атауы	Заңды мекенжайы/орналасқан жері:
1	Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «№8 қалалық клиникалық ауруханасы» ЖШС	050011, Түркісіб ауданы, Ақан сері көшесі, 36 А үй

Ұйымның негізгі қызмет түрі: медициналық.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың байқау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғары білімнің болуын, сондай-ақ төмендегі талаптардың кемінде біреуіне сәйкес келуін қамтиды:

- 1) басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесінің кемінде 5 (бес) жыл болуы;
- 2) байқау кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесінің кемінде 3 (үш) жыл болуы;
- 3) жалпы еңбек өтілінің кемінде 10 (он) жыл болуы;
- 4) білімі, мамандығы, оның ішінде халықаралық сертификаттардың болуы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттерінің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- 6) іскерлік беделінің болуы;
- 7) тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болмауы.

Байқау кеңесінің мүшесі лауазымына төмендегі тұлғалар сайланбайды:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға;
- 2) мәжбүрлеп таратылған немесе акциялары мәжбүрлеп сатып алынған, не консервацияланған және белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлға бойынша шешім қабылданған күнге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде байқау кеңесінің төрағасы, атқарушы органның басшысы, басшының орынбасары немесе бас бухгалтері болған тұлға. Бұл талап мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл бойы қолданылады;
- 3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлға.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар үшін өтініштерді қабылдау мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша фотосуреті бар толтырылған сауалнама;
- 3) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) білім туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының болмауын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттар, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнындағы басшылықтың ұсынымдары) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу күні бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады. Құжаттарды қабылдау мекенжайы: **Қазақстан Республикасы, 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, тел.: 8 707 247 16 06.**

Құжаттарды қабылдау (конкурстың басталу) күні – 30 қаңтар, 2026 жыл. Құжаттарды қабылдаудың аяқталу (конкурстың аяқталу) күні – 27 ақпан, 2026 жыл.

Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2 наурыз, 2026 жыл. Электрондық пошта мекенжайы: uoz.almaty@yandex.kz

Алматы қаласы мәслихатының жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің учаскелік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы және өкілеттік мерзімінің қалған кезеңіне шығып қалған мүшелердің орнына сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің учаскелік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру және өкілеттік мерзімінің қалған кезеңіне шығып қалғандардың орнына сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы хабарлайды.

Аумақтық сайлау комиссиялары жеті мүшеден, округтік сайлау комиссиялары – бес адамнан құралады. Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай Алматы қаласы аудандарының аумақтық сайлау комиссиясы айқындады.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын канди-датураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда Алматы қаласының мәслихаты өзге қоғамдық бір-лестіктер мен жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлау комиссиясын сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастыры-лушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылғы 28 қаңтардан 11 ақпанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматта сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер;

2) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжат-тың көшірмесі;

4) кандидаттың белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініші;

5) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сай-лау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері Алматы қаласы мәслихатының сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-almaty?lang=kk>) орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Аумақтық сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам аумақтық сайлау комиссиясы мүшесінің міндеттерін орындау үшін қажетті білім деңгейіне, жұмыс өтіліне және (немесе) жұмыс тәжірибесіне, кәсіби құ-зыреттеріне белгіленген, аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келуге, сондай-ақ «Сайлау комиссияларының мүшелерін қашықтықтан оқыту және тестілеу» Орталық сайлау комиссия-сының интернет-ресурсында сайлау туралы заңнамамы білуге арналған тестілеуден кіші жүйе арқылы өткені ту-ралы сертификаты болуға тиіс.

Сайланған комиссияның мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған кеңес табылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылғы 28 қаңтардан 11 ақпанға дейін қоса алғанда дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 08.30-дан 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 12.30-ден 14.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 192/2. тел.: 8 (727) 325-80-01.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы – Отыншиев Мейіржан Батырбекұлы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 192/2 үй.

Жауапты тұлғалар – Мұратов Қайсар Қанатұлы, Омаров Надир Нүриддинұлы

8 (727) 325-80-01, maslihat23@mail.ru.

Сайлау комиссиялары құрамындағы вакансиялар туралы мәліметтер Сайлау комиссияларының сайланатын мүшелерінің саны – 157

Аумақтық сайлау комиссиялары – 4 вакансия			
№ р/с	Сайлау комиссиясының атауы	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Вакансиялар саны
1.	Алматы қаласы Алатау ауданының сайлау комиссиясы	«№210 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Дархан» шағынауданы, Х.Алтай көшесі, 4	1
2.	Алматы қаласы Әуезов ауданының аумақтық сайлау комиссиясы	Әкімшілік бөлмесі, Өтеген батыр көшесі, 98	1
3.	Алматы қаласы Жетісу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы	Әкімшілік ғимарат, Серіков көшесі, 6А	1
4.	Алматы қаласы Наурызбай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы	Әкімшілік ғимарат, «Шұғыла» шағынауданы, 347/2	1

Жаңадан құрылған учаскелік сайлау комиссиялары – 35 вакансия			
№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Вакансиялар саны
Бостандық ауданы – 21 вакансия			
1.	685	Бостандық ауданының комьюнити-орталығы, Абай даңғылы, 164/6	7
2.	686	«№215 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Розыбакиев көшесі, 254/3	7
3.	687	«Ғ.Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жайлау» шағынауданы, Әлмерек көшесі, 41	7
Жетісу ауданы – 14 вакансия			
4.	675	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№102 жалпы білім беретін мектебі», Потанин көшесі, 226	7
5.	676	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№101 мектеп-гимназиясы», Жансүгіров көшесі, 352	7

Учаскелік сайлау комиссиялары – 118 вакансия			
№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Вакансиялар саны
Алатау ауданы – 13 вакансия			
1.	2	«№114 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Таджикская көшесі, 5Б	1
2.	5	«№91 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Докучаева көшесі, 31А	1
3.	8	«№41 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Самғау» шағынауданы, Көкорай көшесі, 6Б	1
4.	11	«№154 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ақбұлақ» шағынауданы, К.Шәріпов көшесі, 38	1
5.	28	«№182 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Зерделі» шағынауданы, 1/65	2
6.	34	«№22 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 193А	1
7.	530	«№182 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Зерделі» шағынауданы, 1/65	1
8.	533	«№212 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Саялы» шағынауданы, Арқалық көшесі, 137 А	1
9.	548	«№41 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Самғау» шағынауданы, Көкорай көшесі, 6Б	3
10.	574	«№182 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Зерделі» шағынауданы, 1/65	1
Алмалы ауданы – 4 вакансия			
11.	43	«№34 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Брусиловский көшесі, 15	1
12.	47	«Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркебаев көшесі, 4	1

13.	67	«М.Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жароков көшесі, 18	1
14.	79	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университет» акционерлік қоғамы, Мұратбаев көшесі, 200	1

Әуезов ауданы – 15 вакансия			
15.	126	«Narxoz университeti» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жатақханасы, «Таугұл» шағынауданы, 34	1
16.	129	«№175 Жаңа ғасыр» гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Таугұл-3» шағынауданы, Шәймерденов көшесі, 21	2
17.	180	«№122 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 3 шағынауданы, 52	1
18.	186	«№42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ақсай-2» шағынауданы, 33	2
19.	188	«Мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ақсай-3Б» шағынауданы, 27	1
20.	196	«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жатақханасы, «Ақсай-5» шағынауданы, 15	4
21.	204	«№15 Қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Достық» шағынауданы, Жайдарман көшесі, 17 А	1
22.	206	«№155 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Достық» шағынауданы, Садуақасов көшесі, 29	1
23.	585	«№173 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Мамыр-1» шағынауданы, 21	2

Бостандық ауданы – 29 вакансия			
24.	225	«№68 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Орбита-2» шағынауданы, 25	2
25.	233	«№60 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Орбита-1» шағынауданы, 41	1
26.	235	«Ғ.Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жайлау» шағынауданы, Әлмерек көшесі, 41	2
27.	241	«№45 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Рысқұлбеков көшесі, 20	5
28.	242	«№94 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гагарин даңғылы, 135 А	2
29.	251	«№7 арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Байтұрсынұлы көшесі, 150	1
30.	252	«Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жатақханасы, Шашкин көшесі, 14	1
31.	263	«Республикалық спорт колледжі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Тимирязев көшесі, 41	1
32.	283	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Попов көшесі, 1 А	2
33.	286	«Қалалық паллиативтік көмек орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Байзақов көшесі, 295	1
34.	292	«№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қазақфильм» шағынауданы, 34	1
35.	301	«№125 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Алмагүл» шағынауданы, 41	1
36.	302	«Психикалық сауықтыру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 А	1
37.	303	«Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы Алматы академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Өтепов көшесі, 29	1
38.	310	«Private Clinic Almaty/Приват клиник Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Мирас» шағынауданы, 45	1
39.	312	«Тері-венерологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Манас көшесі, 65	3
40.	489	«№183 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ерменсай» шағынауданы Жәңгір хан көшесі, 73	1
41.	492	«Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №190 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Нұрлытау» шағынауданы, Нұртазин көшесі, 49	1
42.	494	«Ғ.Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Жайлау» шағынауданы, Әлмерек көшесі, 41	1

Медеу ауданы – 55 вакансия			
43.	358	«Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Назарбаев даңғылы, 102	2
44.	361	«Мемлекеттік қуыршақ театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Пушкин көшесі, 63	1
45.	364	«Александр Пушкин атындағы №4 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Янушкевич көшесі, 58	1
46.	365	«Медеу ауданының №6 кітапхана орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Татарская көшесі, 32	1
47.	371	«№35 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 59	1
48.	374	«Республикалық жоғары медициналық колледж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қалдаяқов көшесі, 54	1
49.	384	«№163 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Назарбаев даңғылы, 289	2
50.	385	«K Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Премьер Алатау» қонақүйі, Достық даңғылы, 105	2
51.	386	«Дмитрий Снегин атындағы №30 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 226 А	1
52.	389	«№47 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Таусамалы» шағынауданы, Олимпийская көшесі, 1	5
53.	391	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Достық даңғылы, 103	3
54.	396	«Психикалық сауықтыру орталығы (наркологиялық қызмет)» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Мақатаев көшесі, 10	2
55.	398	Медеу ауданының жастар қауымдастығы орталығы, Назарбаев даңғылы, 36	1
56.	399	«№52 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Пушкин көшесі, 1	1
57.	405	««№100 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Погодин көшесі, 41	1
58.	408	«№98 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тәтібеков көшесі, 89	1
59.	409	«Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Демченко көшесі, 83 Б	1
60.	413	«№112 бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Зейін Шашкин көшесі, 32 А	1
61.	417	«Каменское плато фтизиопульмонология оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Таусамалы» шағынауданы, Кербұлақ көшесі, 6 Г	1
62.	419	«№8 балалар музыкалық мектебі жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Блок көшесі, 89	7
63.	420	«№172 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Думан» шағынауданы, Қарқаралы көшесі, 15	1
64.	499	«№194 негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Көлсай» шағынауданы, Өмірзақ Сұлтанғазин көшесі, 7 А	2
65.	576	«Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Райымбек даңғылы, 60	1
66.	598	«Халық арена» Мұз сарайының көпсалалы кешені, Құлжа тракті, 2	1
67.	622	Назарбаев Зияткерлік мектеп, «Таулы қырат» шағынауданы, Жамақаев көшесі, 145	1
68.	623	«Институт хирургии» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Mediterra» қазіргі заманғы медицина орталығы, «Таулы қырат» шағынауданы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 4	4
69.	673	Медеу ауданының жастар қауымдастығы орталығы, Халиуллин көшесі, 140/5	9

Түркісіб ауданы – 2 вакансия			
70.	465	«№74 С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақан сері көшесі, 150	1
71.	646	Қазақстан Республикасы ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 3650 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Сүйінбай даңғылы, 287/1	1

ФУТБОЛ

АЛМАТЫҒА АЛТЫН КЕЛДІ

Футбол тарихындағы ең мәртебелі кубоктың таныстырылымы өтті

Футбол әлемінің басты трофейі жаһандық тур аясында Алматы қаласына әкелінді. Кубокты FIFA ұйымының ресми өкілдері мен әлемдік футбол аңызы Марко Матераци алып жүрді. Қатаң күзетпен жеткізілген трофей Республика сарайына қойылды.

бол трофейінің келуі қаланың ірі халықаралық спорттық іс-шараларды өткізу алаңы ретіндегі мәртебесін нығайта түседі. Спорт пен спорттық инфрақұрылымды дамыту — әкімдіктің басты басымдықтарының бірі. Біз спорт саласын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін заманауи нысандарды жаңғырту және салу бойынша кешенді бағдарламаларды іске асырып келеміз, — деді Алматы қаласы спорт басқармасының өкілдері.

2006 жылғы әлем чемпионатында Италия сапында жеңімпаз атанған футбол әлемінің аңызы Марко Матераци кубок таныстырылымында сөз сөйлеп, алдағы турнир туралы ойымен бөлісті.

— Мен италиялықпын, сондықтан жеңіс Италияға бұйы-

рады деп сенемін. Бірақ чемпионның кім болатынын алдын ала болжау өте қиын. Аргентина команда капитаны Лионель Мессидің арқасында тамаша нәтижелер көрсетіп жүр. Бразилия мен Германия да әрқашан мықты — олардың тәжірибесі мол. Дегенмен, Марокко, Испания және Португалия сынды командалар таңғалдыруы мүмкін деп ойлаймын. Олардың ойын жүйесі жақсы ұйымдасқан және кубок үшін таласуға шынайы мүмкіндіктері бар, — деді ол.

Айта кеткен жөн, дүниежүзі көз тігетін футбол әлемнің басты оқиғасы биыл 11 маусым мен 19 шілде аралығында АҚШ, Канада және Мексика қалаларында өтеді. Осы жылы алғаш рет турнирде 48 құрама

бақ сынайды. Олардың қатарында Орталық Азиядан Өзбекстан құрамасы да бар. Төрт жылда бір өтетін жарыстың бұған дейінгі жеңімпаздарына назар аударсақ, 2014 жылы Бразилияда өткен турнирде Германия жеңіске жетті. Неміс командасы финалда Аргентинаны жеңді.

Ал 2018 жыл Ресейде ұйымдастырылған әлем чемпионатында Хорватиядан басым түскен Франция құрамасы трофейді иеленді. 2022 жылы тарихта тұңғыш рет қыс мезгілінде өткен Катардағы турнирде Месси бастаған Аргентина командасы чемпион атанды. Олар шешуші ойында Францияны жеңді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ТУРИЗМ

VIAJAR ТАҢДАУЫ:

Мегаполис — әлемдегі ең ерекше бес қаланың қатарында

Испанияның беделді туристік Viajar журналының нұсқасы бойынша Алматы әлемдегі ең ерекше бес қаланың қатарына енді. Бұл — тек қаланың имидждік жетістігі ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның туристік әлеуетін әлемге танытатын маңызды оқиға. Viajar басылымы Алматыны тау баурайында орналасқан, қала өмірі мен табиғи ландшафт үйлесім тапқан сирек мегаполис ретінде сипаттайды. Алматының басты ерекшелігі — қала орталығынан небәрі жарты сағатта тау шаңғысы трассаларына жетуге болатын мүмкіндігі бар екенін атап өткен.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл көрсеткішпен Алматы Еуропаның танымал қысқы туризм орталықтары — Инсбрук (Австрия), Гренобль (Франция), Зальцбург (Австрия) қалаларымен бір қатарда аталды. Мұндай салыстырудың өзі Алматының халықаралық туристік картадағы салмағы артып келе жатқанын аңғартады.

Viajar журналы 1978 жылдан бері жарық көріп келе жатқан, Испаниядағы жетекші туристік медиа басылымдардың бірі саналады. Сондықтан Алматының бұл тізімге енуі кездейсоқ таңдау емес. Сарапшылардың пікірінше, мұндай халықаралық жарияланымдар: қаланың туристік беделін арттырады; шетелдік туристер ағынын көбейтеді; инвестициялық тартымдылықты күшейтеді; ішкі туризмді дамытуға серпін береді.

Алматының әлемдегі ең ерекше қалалардың қатарына енуі — қаланың қазіргі әлеуетін ғана емес, болашақтағы мүмкіндіктерін де көрсетеді. Инфрақұрылымды дамыту, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, тарихи келбетті қорғау арқылы Алматы Орталық

Азиядағы жетекші туристік хабқа айнала алады.

Жарияланымда Алматының қысқы туризм саласындағы басты нысандары — Шымбұлақ тау-шаңғы курорты мен Медеу мұз айдынына ерекше назар аударылған. Шымбұлақ — теңіз деңгейінен 3000 метрден астам биіктікке көтерілетін, заманауи инфрақұрылымы бар тау курорты. Ал Медеу әлемдегі ең биік тауда орналасқан ашық мұз айдыны ретінде туристерді ерекше қызықтырады. Сонымен қатар, жарияланған мақалада Алматының гастрономиялық әлеуеті де назардан тыс қалмаған.

Алматыны тек қысқы туризммен шектеуге болмайды. Қаланың табиғи көркі, жасыл желекке оранған саябақтары, театрлар, музейлер, туристер үшін ерекше тартымды екені атап өткен жөн.

Соңғы деректерге сәйкес, 2025 жылдың алғашқы 9 айында мегаполиске 1 869 375 турист келген. Шетелдік туристер арасында ең көп келушілер Түркиядан болды. Сарапшылардың болжамынша, 2026 жылы бұл көрсеткіш өсіп, қалаға келетін туристер саны біршама артады.



(Сурет: ЖИ).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жансая МЕҢЛІБАЕВА,
туризм саласының сарапшысы, инфлюенсер:

Сапалы туризм — басты мақсат

Viajar журналының Алматыны әлемдегі ең ерекше бес қаланың қатарына қосуы — бұл қаланың халықаралық туристік картада нақты орны бар екенін дәлелдейді деп айта аламын. Бір жағында көрікті Іле Алатауы, екінші жағында заманауи тартымды мегаполис. Мұндай контраст әлем туристерін әрқашан қызықтырады. Алматы үшін бұл үлкен мүмкіндіктердің бастауы екені сөзсіз.

Ендігі маңыздысы, осы қызығушылықты нақты сапалы туристік өнімге айналдыру: инфрақұрылым, сервис, қала мәдениеті мен экологиясын сақтау. Егер осы бағытта жүйелі жұмыс жасалса, Алматы Орталық Азиядағы ең тартымды туристік орталықтардың біріне айнала алады.

Яғни туризм саласына әсері қандай? Ең алдымен, бұл халықаралық танымдылықты арттырады, екіншіден — қаламыздың имиджіне оң әсерін тигізеді, үшіншіден — гастрономиялық және мәдени туризмді дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ ішкі туризмге де мотивация береді.

Сондықтан сервис мәселесін де алдын ала қарастыруымыз қажет. Бұған дейін біз New York Times басылымына шыққан болатынбыз, ал қазір Viajar журналына да шығудамыз. Бұл біздің имиджімізге және маркетингтік/PR жағынан өте оң әсерін тигізеді.

